

Г.С. Жұмабекова
Ғ.А. Базарбаева
А. Оңғар

Есік ИССЫК Esik



Г.С. Жұмабекова, Ғ.А. Базарбаева, А. Оңғар

Есік | ИССЫК | Esik



МӘДЕНИ МҮРА
КІТӘПХАНАСЫ

Шаймас
Баспа Үйі

ISBN 978-601-261-033-8



9 786012 640533



«Мәдени мұра»
Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары
Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылып отыр

«МӘДЕНИ МҰРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Әшімбаев Мәулен, кеңес төрағасы
Асқаров Әлібек, жауапты хатшы

Абдрахманов Сауытбек
Атабаев Қамбарбек
Аяған Бүркітбай
Әбжанов Хангелді
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әлімбаев Нұрсан
Байпақов Карл
Байтанаев Бауыржан
Балықбаев Тахир
Дүйсембаев Еркін
Есім Ғарифолла
Жақып Бауыржан
Жұмағалиев Асқар
Жұмағұлов Бақытжан
Қасқабасов Сейіт
Қозыбаев Ілияс
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Құрманбайұлы Шерубай
Мұхамедиұлы Арыстанбек
Мыңбай Дархан
Нысанбаев Әбдімәлік
Салғараұлы Қойшығара
Самашев Зайнолла
Сұлтанов Қуаныш
Тұяқбаев Қанат
Шаймерденов Ербол
Шеңгелбаев Бақытжан



Г.С. Жұмабекова
Ғ.А. Базарбаева
А. Оңғар

Есік Иссык Esik



Шаймас
БаспаҮні

Алматы
2011

УДК 902/904 (084)
ББК 63.4я6
Ж 81

Қазақстан Республикасының
Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды

Жауапты редактор / Ответственный редактор

тарих ғылымдарының кандидаты / кандидат исторических наук А.З. Бейсенов

Пікір жазғандар / Рецензенты:

тарих ғылымдарының докторы, профессор / доктор исторических наук, профессор,
С.Ж. Жолдасбаев

тарих ғылымдарының докторы, профессор / доктор исторических наук, профессор,
В.В. Евдокимов

ЕСІК. ИССЫК. ESİK. / Г.С. Жұмабекова, Ф.А. Базарбаева, А. Оңғар
Ж 81 – Алматы, 2011. – 200 б., илл.

ISBN 978-601-264-053-3

Бүгінгі таңда Есік обасы еліміздегі ең танымал археологиялық ескерткіштердің бірі болып табылады. Бұл ескерткіштен табылған олжалар тек халықтың игілікке ғана емес, сондай-ақ ұлттық нышанға айналып отыр. Мұндағы құндылық тек табылған төрт мыңнан астам алтын бұйымдарда емес, олжалардың жиынтығында, оларды жасау барысында және орнына қойылғанда берілген мән-мағынада, әсемдігі мен көркемдігінде жатса керек. Көпшілікке танымал болған Есік обасынан табылған бұйымдардың суреттері мен көшірмелерінің көптеп таралуы, адамның алтындалған салтанатты киімінің бірнеше қайта жаңғыртпаларының жасалынғанына қарамастан, көптеген мәсежелер шешімін таппаған күйі қалып отыр.

Бұл альбомды даярлауда негізгі дерек ретінде К.А. Ақышевтың «Есік обасы» атты еңбегі мен Ә.К. Ақышевтың барлық заттар кешеніне жасаған талдауы алынып отыр.

Авторлар Есік обасынан алынған мәліметтерді Қазақстандағы, тіпті Еуразияның таулы-аңғарлы кеңістігіндегі соңғы ашылымдарды ескере отырып, жаңаша қарауға тырысты.

В Казахстане на сегодняшний день курган Иссык остается наиболее известным памятником. Находки, полученные из этого памятника, стали не просто народным достоянием, но и национальными символами. Это обусловлено не только тем обстоятельством, что среди огромного количества курганов в Жетысу, в основном разграбленных еще в древности, вдруг обнаружили свыше четырех тысяч золотых изделий, предметы вооружения, металлические, деревянные и керамические сосуды. Самым ценным здесь является не золото, а сам комплекс предметов, их значение, декор, звериный стиль. Несмотря на многократное тиражирование фотографий теперь всем уже известных изделий из Иссыкского кургана, их воспроизведение в копиях, несколько вариантов реконструкции самого «золотого человека», многие вопросы, связанные с ним остаются спорными.

Основным источником для настоящего альбома послужили издание материалов «Курган Иссык» К.А. Акишева и блестящая интерпретация всего комплекса А.К. Акишевым.

Авторы попытались взглянуть на известный материал с позиций открытий последних лет, полученных как в Казахстане, так и в целом на пространстве горно-долинной зоны Евразии.

УДК 902/904 (084)
ББК 63.4я6

ISBN 978-601-264-053-3

- © «Таймас» баспа үйі
- © Б. Нұрмұханбетов, алғысөз
- © Г.С. Жұмабекова, Ф.А. Базарбаева, А. Оңғар, мәтін
- © ҚР алтын және бағалы металдар мемлекеттік мұражайы, фото материалдары
- © «Археология» ЖШС, фото түсірілімі мен фото материалдары
- © О.В. Белялов, фото түсірілімі
- © Г.Р. Умарова, дизайн



Мазмұны

Арнау	6
Көз көргеннен (Алғы сөз орнына)	11
Өткен уақыт елесі	18
Ата өнері – балаға мұра	22
Көненің көзі	25
Тарих желегін кім құрап және кім алып жүреді	28
Заттардың болмысына үңілсек	32
Әдебиет	194

Содержание

Посвящение	88
Предисловие	96
Иней времени	104
Тепло рук мастера	108
Это песни утраченной слепок	112
Кто создает и кто несет «шлейф истории»	114
В лица вещей смотреть	118
Библиография	194



АРНАУ

Есік обасын зерттеушілерге арналады

Бұл еңбекте біз ашылғанынан бері қырық жылдан астам уақыт өткен Есік обасының материалдарын басқа қырынан талдауға тырыстық. Аталған уақыт аралығында Еуразияның, соның ішінде Қазақстанның ерте темір дәуірінің археологиясы өткен күндердің белгісіз қырларын жарыққа шығарар едәуір жаңа мәліметтермен толықты.

Б.з.д. I мыңжылдықтағы өркениеттің даму кезеңдері жайлы тіптен өзге жаңа мағлұматтар Қазақ Алтайындағы Измайловка, Майемер, Шілікті, Берел, Ақсуат; Жетісудағы Берікқара, Жалаулы, Быжы, Теңлік, Қарғалы, Ұлжан; Батыс Қазақстандағы Бесоба, Сынтас, Аралтөбе, Есәң-Амантау (Лебедевка),

Қызылүйік, Тасастау, Тұңғыш, Қырықоба, Сәпібұлақ; Торғай даласындағы Бестамақ пен Кеніш; Солтүстік Қазақстандағы Байқара; Сарыарқадағы Нұркен-2, Талды-2; Арал теңізінің маңындағы Шірікратат, Баланды, Түгіскен мен Ұйғарақ және тағы басқа ескерткіштерді зерттеу нәтижесінде алынды.

Скиф-сақ дәуірі ескерткіштерін зерттеуге Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен іске асқан «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасы жаңа серпін берді. Жоғарыда аталған ескерткіштердің біразы осы жоба негізінде зерттелінді. Бұған қоса Отандық археология ғылымының қазынасы жергілікті басқару мекемелерінің тікелей қолдауымен де толығып

жатқанын айта кеткен жөн. Оған Сарыарқадағы Талды ашылымы куә.

Біздің бұл азғантай еңбегіміз – Есік обасын зерттеушілердің қажырлы еңбектерін еске түсіруге арналады.

Қазба жұмысы – бұл зерттеу жұмысының тек бір бөлігі ғана. Археологтың негізгі жұмысының біріне табылған заттай деректерді танып зерделеу мен ескерткішті түсіну жатады. Бұл міндетті Кемал Ақышұлы, Бекен Нұрмұханбетұлы мен Әлішер Кемалұлы жоғары деңгейде орындады. Қазіргі таңда Есік обасын ашқаннан бері жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де, жаңа мәлімет алып, қосу қиын.

Есік обасы материалдарын далалық және лабораториялық жағдайда өңдеу ісіне Александр Загородний, Айтбек Амандықов, реставратор Владимир Садомсков, фотограф Олег Медведев және суретші Тамара Воробьевалар ат салысқан еді.

Біз Есік обасынан алынған құнды мәліметтерге ғылымның заманауи жетістіктеріне сай басқаша көзқараспен қарауға тырыстық. Сонымен қатар бүгінгі таңда Кенес үкіметі жылдарында жарық көрген «Курган Исык» кітабы, «Ертедегі ескерткіштер елесі» мен «Путь к «Золотому воину»» атты жарияланымдар библиографиялық сиректікке айналып отыр. Сондықтан да ұсынылып отырған басылым олқылықтың орнын толтыратыны сөзсіз. Бұл еңбектің жаңғырып қайта шығуы, еңбекпен танысқан әр азаматтың жүрегінен ел, жер тарихын танып білуге деген құмарлығын арттырып, өз

Сақ, сармат, скифтер билік еткен кезеңдегі Отандық археологияның негізгі жетістіктері И.Н. Тасмагамбетовтың «Ат жалындағы өркениет. Ежелгі көшпелілердің көркем мәдениеті» атты кітапта, М.В. Беделбаеваның «Изучение скифо-сакской эпохи Казахстана в трудах отечественных и российских исследователей (вторая половина XX - начало XXI вв.)» диссертациялық жұмысында, сонымен қатар ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты шығарған «Мыңжылдықтар куәлары: Қазақстан археология ғылымы 20 жылда (1991-2011)» атты жинағында жарық көрді (Тасмагамбетов И.Н., 2003; Беделбаева М.В., 2010; Мыңжылдықтар куәлары..., 2011).

Отанына деген сүйіспеншілігін оятады деген сенімдеміз. Кітапты әзірлеу барысында Мемлекеттік «Есік» тарихи-мәдени қорық-мұражайының, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының қолжазба мұрағатының, Б.Н. Нұрмұханбетовтың, М.Ф. Хабдулинаның, Е.В. Садомскованың, К.М. Байпақовтың және Т.М. Тепловодскаяның жеке мұрағатынан мағлұматтар пайдаланылды.

Басылымды жарыққа шығаруда өздерінің бағалы кеңестерін беріп, көмектерін көрсеткен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының бас директоры Б.Ә. Байтанаевқа, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының директоры Г.Р. Мұхтароваға, сонымен қатар Археология институтының қызметкерлері – Р.С. Щербаковаға, А.С. Ермолаеваға және О.В. Кузнецоваға ерекше ықылас білдіреміз.

Құрметпен, авторлар






- *Иле Алатауының баурайындағы Есік обасы*
- *Величественные исыкские курганы Илейского Алатау*
- *Majestic Essik burial mound of Ille Alatau*



- «Алтын адам» жерленген қима-таган
- Сруб, выявленный в погребальной камере кургана Иссык
- Frame, identified in the funeral chamber of Esik burial mound





■ Алтын киімді адам атажұрты – Есік қаласында. Көрмеге арнайы келген тұңғыш елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың археолог Б. Нұрмұханбетовпен әңгімелесу сәті. 13 тамыз 1992 ж.

■ Визит Н. А. Назарбаева в г. Есик на археологическую базу Новостроечной экспедиции Института археологии им. А. Х. Маргулана. Беседа с руководителем экспедиции Б. Нурмуханбетовым. 1992 г.

■ Visit N.A. Nazarbayev in Esik on archaeological expedition base New ordered of the Institute of Archaeology named after A.H. Margulan. Interview with the leader of the expedition of B. Nurmuhantbetov. 1992.

қазба жұмыстарын бастадық. Қасымда әскери борышын атқара салып, бізге лаборант болып орналасқан Айтбек Амандықов бар. Бұл жылғы жұмыс мамыр айының екінші жартысына дейін созылып, толық бітпей қалды. Оған беткейі тік келген, алты метр биіктіктегі оба үйіндісін сыпыруда бульдозер сынды техниканың бірінен кейін бірінің жиі бұзылуы мен кезекті жоспарлы далалық зерттеуге кету қажеттілігі себеп болды. Автотұрақтың директоры Канишев мырзадан «Қорғау міндеттемесі» құжатын алғаннан кейін, келесі жылға дейін қазбаны жауып кеттік.

1970 жыл. Наурыз айы. Айтбек екеуіміз былтырғы жұмысты жалғастырмаққа Ғылым академиясының автотұрағының шопыры А.С. Паршинмен бірге Есікке келдік. Екі бульдозер, 4-5 жұмысшымен қазбамызға кірістік. Обаның үйіндісін алып, астындағы шеңбер пошымды аумақтың дәл ортасынан қазылған қабір шұңқырына да жеттік. Қабір әбден тоналған екен. Марқұмның сүйектері, жанына ырымдап қойылған қару-жарақ, құрал-сайман, ыдыс-аяқ сынықтары мен алтын әшекейлердің бөлшектері әр жерден, әр деңгейден табыла берді. Оларды жиып-теріп, жазба, сызбаларды жөнге келтіріп, өлшемдерін алып болып, шұңқырды қайта көмдік.

Сәуір айының үшінші жұлдызы. Алматыдан телефон шалып шақырған автокөлікке жүгімізді тиеп, бульдозеристер Савелий Денисович Лаптев пен Гуга Владимирович Шмидтермен қоштасып тұрмыз. Бұларымыз қайтудың қамы. Неге екенін Тәңірім біледі! Қасымдағы Савелийге дастарқан жайған жердің тұсын нұсқап: «Шамалы ғана тереңдеп қазып берші», – дегенім. Ол сөзге келмей, 4-5 қайтара жүргеннен соң шіріген жуан бір бөрененің ұшы шыға келді. Жүгімізді түсіріп, автокөлікті қайтарып, бульдозеристермен қош айтыстық та, Айтбек екеуіміз, әлгі бөренені қолмен аршуға кірістік.

Ол байырғы табыт – тамның төбе жабуының бірі болып шықты. Үш апта аралығында табыт – тамның төбесінен бастап төрт іргелерінің табанына дейін тазартып алдық. Жерлеу құрылысында ешқандай ақау жоқ. Ұры-қары дейтін суық қолдан қалған белгілерден де дін аман. Ортаңғы, біз ашып қайта көмген, тоналған қабір шұңқыр мен одан оңтүстік-шығыста жатқан жерлеудің арасы 13 м екен. Екеуі де бір обаның астында орналасқан болып шықты. Ендігі жұмыс – тамның төбесін ашып ішіне түсу ғана. Айтбекті қалдырдым да, Алматыға тарттым. Ұстазым – Кемекене (Кемал Ақышев – автор) бар жайды баяндап қайта оралдым.

Келе сала қазба орнына барсам: 5-6 жасар екі бала табыттың табанындағы бөренені шыбықпен шұқылап отыр. Қолдарындағы шырпы қорапты алдым да, көтеріп құдықтан шығарып жібердім. Қорапты ашсам, ішінде оншақты ұсақ алтын әшекейлер бар.

Келесі күні болар, Кемал Ақышев бас болып бір топ әріптестеріміз – реставратор Владимир Садомсков, лаборант Александр Загородний, суретші Тамара Воробьева, фотограф Олег Медведев пен ҚазМУ студенті Әлішер Ақышев келді. Табыттың төбесін ашып, ішін аршу жұмыстарын бастадық.

Нәтижесінде, 1970 жылдың сәуір айында: «Алтын киімді адам», «Алтын адам», «Есік сарбазы», «Археологиялық алтын олжа» аталған ата мұра жарық көрді...

1991 жыл. Кеңес заманының қызыл таңы біржола батты. Егемен ел болдық. Асыл мұрамыздың дүниеге келгеніне 41 жыл. Бұрынғы атауларымен, әлеуметтік дәрежесінің сол қалыптасқан қалпында әлемді аралап жүр. Мен әлі Есіктемін. Жаңа құрылыс түсетін орындардағы жәдігерлерді ғылым-білімге жарату әрекеттерімен айналысамын.

1992 жыл. Тәуелсіздігімізге жыл толды. Өзіміздің Ата заңымыз, Ел басымыз, Мемлекеттік рәміздеріміз бар. Алтын адамды ханзада көтеріп, Ел таңбамызға тәжісінен тәбәрік алдық. Бұл тәуелсіздігіміздің бір жылдығы – мемлекеттігіміздің 2501 жылдығы мәнді ұғымы бар жаңалық. Мен бәз-баяғы қалпындамын. Аудандық «Еңбек жалыны» газетінің (редакторы Қайролла Ахметжанов) ұжымымен ым-жымымыз жарасқан кез. Кезекті бір отырысымызда Алтын адамымыздың әлемді шарлап жүріп, кіндік қаны тамған, ер жетіп өскен, қастерлеп қойылған атажұрты Есікте болмағанын өкінішпен әңгіме еттік. Амалын тауып алып келуді ұйғардық. Сөйтіп, экспедиция уақытша жалдаған үйдің ең үлкен бір бөлмесінен көрме аштық. Оның негізгі жәдігері Алтын адам болды. Сондағы асыл мұрасын арасына алып, емін-еркін қауышқандарды көрсеңіз ғой! Мен оны айтып та, жазып та жеткізе алмаймын. Екі айдың ішінде қалың үш альбом тілек, ниет, ықыласқа лық толды. Олардың дені – «Асыл мұрамыз арамызда қалса», «Ауданымызда мұражай ашылса» – дейтін тілектерге саятын.

1992 жыл. 13 тамыз. Көрмеміздің ашылғанына айдың жүзі тола қоймаған шақ. Келушілерге қызмет көрсетіп жүргендер Ерлан, Динара Ахметжановтар мен Айгүл Ғабсаттарова сынды жасөспірімдер болатын. Түске таман сайлағанымызға жарты жылдан енді асқан тұңғыш Президентіміз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев келді. Қасында қонағы – Нью-Йорктың Федералдық

Алтын адамның табылу тарихы төңірегінде біздің Есікте 6-7 түрлі аңыз бар. Солардың ішіндегі түн жамылып алтын терген балалар, алтын сирағын суырып алушы адам делінетіндерінің астары осы.

Аудандық «Еңбек жалыны», «Пламя труда» газеттері осы жылғы маусым-шілде-тамыз айларындағы әр санында көрме барысын жариялап тұрды. Бұл құжаттар Есіктегі археологиялық өлкетану мұражайында сақтаулы.


қосалқы банкысының президенті Джеральд Корриген, Премьер – министр С. Терешенко, Алматы облысының әкімі А. Есімов бар. Кеңестер кезінде осындай лауазымдағылар осылай келетінін көрмек түгіл ойлаудың жөні жоқ болатын. Тіптен, аудандық дәрежедегі партия және совет басшыларының табалдырығын аттап көрмеппін..

Көрмеміздегі көне бұйымдардың қыр-сыры, Алтын адамның әлеуметтік астары, ата мұраларды тарихи тану жолдары, мемлекеттік рәміздер жайлы өзара пікір алысқандай әсерде болдым. Елбасының сондағы сөз тыңдау мәнерін, сұрақ -сауалдарының мәндеріне куә болғандар осы уақытқа дейін айтып жүреді.

Шығарда ризашылығын жазба түрінде қалдырды. Ерлан мен Динара жаңа альбомды ұсынды. Бірінші бетін ашып Қайролла ұстап тұрған альбомға қолтаңбасын қалдырды:

Сыртқа шыққанда қажеттілігімізді бізден өзі сұрады. Сондағы менің қалағаным – Есік қаласында Облыстық

Алғашқы Президентіміздің алғысын алғандардың алғашқысы біз болдық.



өлкетану мұражайының болуы еді. Сұрағанымыз алты-ақ айдан кейін, 1993 жылдың ақпанында орындалды. Шектелген мерзімдегі қызметте жүрген экспедиция мүшелерінің бірі – директор, бірі – бас бухгалтер, бірі – қор сақтаушы, бірі – ғылыми қызметкер ретінде штаттық кестеге кірді. Ертегідей көрінсе де бұл – шындық. Жеке басымның тәуелсіздікті тануымның бастауы осы оқиға болды.

1998 жыл «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы». Есіктегі «Балалар мен жасөспірімдердің Алматы облыстық экскурсия және туристік орталығы», археология үйірмесі мен кішігірім болса да өлкетану мұражайы жұмыс істей бастады.

1999 жыл «Ұрпақтар сабақтастығы жылы». «Алтын адам» ұрпақтар сабақтастығы ассоциациясын құрдық. Құрылтайшылары ауданымыздың оқу орындары, мәдени және өндірістік ұжымдары. Атқарушылары ұлдарым Арман мен Мирас, әріптес шәкіртім – Самат Момын. Есік обаларының шеткі үшеуіне елді ішіне кіргізетіндей күйге келтірдік, жол жүргізіп екі қара үй тіктік. Бірін – мұражайға ыңғайластырдық. Екіншісінде – жатын орын. Бастапқыда біртіндеп, содан кейін – ондаған, ақырында жүздеген келушілер болды. Жыл-

дар жылжып осылай өтіп жатты. Талабымыз таудай – Есік қорымдарын ашық аспан астындағы мұражайға айналдыру.

2005 жыл Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданды. Оның археологиялық жәдігерлерге арналған бөлімінде біздің Есік қорымдары мен Рахат, Өрікті қала жұрттары қамтылған. Бағдарламаның түпкі мақсаты – археологиялық ата мұраларды бұрынғыдай ғылым-білім үшін ғана емес – мұражайлық және туристік бағыттарда пайдалану. Туралап айтқанда, байырғы бабалар мұраларын бүгінгі мұрагерлеріне олардың орналасқан орындарында таныстыру. Қысқасы, біздің бастамамызбен астарлас. Бұрынғы әрекеттерімізді жалғастырып жүрген бізге бұл бағдарлама – Үкіметтің тек бізді қолдағанындай көрінгенін мойындаймыз.

2011 жыл Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы. Алтын киімді адам – мемлекеттік нышанымыз. Ол бұрынғыдай «Есік сарбазы» емес, сақ мемлекетінің патшазадасы. Бас киімі «шошақ бөрік» емес, «Шошақ тәжі». Бүгінгі мемлекетіміз 2500 жыл бұрынғы мемлекеттік бірлестіктің жалғасы, мұрагері...

Сақ бабаларымыз жатқан қасиетті қорым – бүгінгі ұрпақтарының тәу ете келіп тұратын ғибадатханасы, қорығы болды...

Тағы да – Тәубә! Ниеттеріңіз қабыл болсын!

Бекен Нұрмұханбетов

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық-мұражайының жетекші
ғылыми қызметкері







■ *Esik қорымындағы обалардың бір бөлігінің орналасу жоспары. Б. Нұрмұханбетов, Герман археологиялық институты (DAI, Берлин қаласы) мен «Археология» ЖШС қызметкерлері қатынасқан халықаралық экспедиция барысында түсірілді. Б.з.д. I мыңжылдықтың ортасында тіршілік еткен сақ қоғамындағы күрделі әжуметтік құрылым мен қатаң иерархиядан хабар берер бірнеше обалар тізбегі мен ірі обалар анық көрініп тұр*

■ *План могильника Иссык, снятый во время работ международной археологической экспедиции при участии Б. Нурмуханбетова, сотрудников ТОО «Археология» и Германского археологического института (DAI, г. Берлин). Различается несколько цепочек, вероятно, свидетельствующих о сложной социальной организации и строгой иерархии, существовавшей в середине I тыс. до н.э. в обществе саков. Четко выделяются «статусные» курганы*

■ *Esik burial mound plan, taken during the international archaeological expedition with the participation of B. Nurmuhambetov employees, LLP «Archaeology» and the German Archaeological Institute (DAI, Berlin).*

■ *There are several chains, probably indicating a complex social organization and a strict hierarchy that existed in the mid-1st millennium BC in Saks society. Clearly distinguished «status» mounds*

ӨТКЕН УАҚЫТ ЕЛЕСІ

Есік көлінде 1963 жылдың шілде айында орын алған табиғи апат – су тасқыны қазылмаған қосымша жерлеу орны сақталған обаны ашуға себепші болғандай. Өйткені 1969-1970 жылдары су тасқыны шайып кеткен автотұрақты салу үшін жаңадан берілген жер телімін зерттеу барысында археологтар К.А. Ақышев пен Б. Нұрмұханбетов тек отандық қана емес, әлемдік археология ғылымы үшін де үлкен ашылым болған «Алтын киімді сақ адамы» жерленген Есік обасын ашқан еді.

Бұл оба ерте темір дәуіріндегі Қазақстан археологиясындағы Іле және Жетісу Алатауы бойларындағы шоғырлана салынған, жоғары дәрежелі

Кемал Ақышұлы Ақышев (23 мамыр 1924 жыл – 10 тамыз 2003 жыл). Оның отбасы Павлодар облысының Баянауыл ауданында тұрған. Ол кісі ерте жетім қалып, Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың отбасында тәрбиеленді. Кемал Ақышұлы Ұлы Отан соғысының ардагері, қазақ археология ғылымының негізін қалаушылардың бірі, Мемлекеттік сыйлықтың, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚазКСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер. Оның есімі Қазақстанның Алтын құрмет кітабына жазылған. Оның ерен ерлігі мен ғылымдағы жетістіктері І дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен және 14 медальмен марапатталған (толығырақ қара: Хабдулина М.К., 2004; Хабдулина М., Балтабаева К., 2010; Ганиева А.С., 2010).

Бекмұханбет Нұрмұханбетов 1935 жылғы 17 мамырда Алматы облысы Ақсу ауданы Қарасу ауылдық кеңесінің Қарасу ауылында («Еңбек» колхозы) дүниеге келген. 1962 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ тарих факультетін тәмамдап, «Бесшатыр қорымы – Жетісу сақтарының айрықша ескерткіші» тақырыбындағы дипломдық жұмысын табысты қорғағаннан кейін ол Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының археология бөліміне жұмысқа қабылданады. Ал 1991 жылы археология бөлімінің негізінде Археология институты құрылып, Б. Нұрмұханбетов онда 1993 жылға дейін бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1993 жылдан бастап Б. Нұрмұханбетовтың тағдыры Есік қаласымен тығыз байланысты. Ол алдымен Алматы облыстық өлкетану мұражайының директоры, содан кейін сол мұражайдың бас қор сақтаушысы қызметтерін атқарды. Қазіргі кезде Б. Нұрмұханбетов «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайында жетекші ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді (толығырақ қара: Бейсенов А.З., 2011).

тұлғалар жерленген көп жерлеу кешендерінің бірі, тек қазылған ескерткіштерден ондағы қабірдің бірінің тоналмауы бүгінгі таңға дейінгі бірегей дерек болып отыр. Мысалы, Іле өзенінің арғы сол жақ бетіндегі архитектуралық құрылымы айрықша Бесшатырдың хан шатырлары түгел тоналған, қомақты заттай дерек жоқтың қасы.

Обадан алынған мәліметтер легін Кемал Ақышұлы Ақышев 1978 жылы монографиялық басылымда жариялап, заттай кешенге толық сипаттама берген еді. Біз тек ескерткіш пен онда табылған олжалар жайлы үстіртін тоқталып өтетін боламыз.

Есік обасы – бұл соңғы кездері зерттеушілер Скиф герростары деп аталып жүрген Қаратөз бойындағы Чертомлык, Күл-Оба, Толстая могила сынды обалармен маңыздылығы жағынан тең түсетін, сақ кезеңінің жеке тұлғаларға арнап салынған ескерткіші.

Сыртқы пішіні пирамида іспеттес Есік обасы үйіндісінің диаметрі 60 метрге, сақталу биіктігі – 6 метрге дейін жеткен, беткейлерінің тіктігі 45-50° құраған, үйіндінің төбесінде, әдеттегідей, диаметрі 12 м, тереңдігі 2,3 м тонаушылар шұңқыры болған (Ақишев К.А., 1978, с. 10, с. 15; Нұрмұханбетов Б., Загородний А., 1984, с. 59). Обаны көлемі жағынан зерттеушілер «патшалық» обалар санатына жатқызды, өйткені осы бір жер бетінде тұрғызылған ғаламат құрылыстың өлшемдері жерленген адамның жоғары әлеуметтік дәрежесіне сай. Теориялық тұрғыдан обаның есептелген көлемі 8600 м³ тең. Осы құрылысты салу үшін шамамен 3-4 мың адамдық күш қажет болған (Ақишев К.А., Ақишев А.К., 1982, с. 92).

Зерттеушілердің пікірінше, үйінді түзу конус түріндегі күрделі құрылыс болған. Жер бетіндегі құрылыстың

стратиграфиясын зерттеу үйіндінің көп қабатты болғанын көрсетті. Обаның тік қимасының кескінінде 3-4 қабат байқалды: бір қабат өзен малта тастары қиыршық тас пен саз балшық аралас қабатпен кезектесіп отырған; орталық

жерлеудің қабір шұңқырының айналасында қабірді қазғанда сыртқа шығарылған тас шоғырлары көрінді. Обаның табанын тазалау кезінде орталық және қапталдағы қабірлер анықталды (Акишев К.А., 1978, с. 15; Нурмуханбетов Б., Загородний А., 1984, с. 61).

Орталық қабірде үйіндінің батыс жақ етегінен басталған көлбей үңгу және обаның төбесінен төмен қарай тік қазылған құдық түрінде жүзеге асырылған тонаушылықтың екі әдісі байқалды. Қабірдің ішінде шашылып жатқан адам сүйектері мен бірнеше алтын жапсырмадан өзге ештеңе табылмады (Акишев А.К., 1978, с. 15). Жер асты жолы арқылы кіру – тонаудың ескі түрі. Тонаушылар қалай тонаса да қапталдағы қабірді таба алмаған. Оңтүстік қапталдағы қабірдің байлығы мен салтанаты негізгі орталық қабірдің шын мәнінде қандай болғандығын болжауға ғана мүмкіндік береді. Жетісудың беделді сақтарының жерлеу дәстүрінде сирек кездесетін бір үйінді астындағы жер бетіндегі көне екі қабір бір мезгілде жасалған, онда бір отбасының адамдары, не жақын қандастық қатынастары бар адамдар жерленген. Тек адам сүйектерінің антропологиялық тұрғыдан толық зерттелмеуі салдарынан сан сұраққа нақты жауап алынбауда.

Қосымша жерлеудің қабір шұңқырында (көлемі мөлшермен 4 x 3,5 м, тереңдігі



- К.А. Ақышевтің Есіктен табылған бұйымдар жиынтығын зерттеу сәті
- К.А. Акишев изучает коллекцию предметов кургана Иссык
- К.А. Akishev is studying objects collection of Esik burial mound



- К.А. Ақышев алтын киімнің салтанатты өшекейлерін Д.А. Қонаев пен М. Келдышке таныстыруда. 1971 ж.
- К. А. Акишев рассказывает Д. А. Куняеву и М. Келдышу о кургане Иссык. 1971 г.
- К.А. Akishev tells D.A. Kunaev and M. Keldysh about Esik mound. 1971

2,7 м) тянь-шань шыршасының өңделген бөренелерінен тұрғызылған бес қатарлы кима-таған батыстан шығысқа қарай созыла орнатылған. Адамның жер астындағы уақытша «үйінің» төбесі ұзын қабырғаларға көлденеңінен қаланған он бөренемен жабылған. Қима-тағанның ұзын және көлденең қабырғасын құрайтын бөренелердің (ұзындықтары 1,5-3 м, жуандықтары 25-30 см) ұшы бірі-бірімен байланыспайды, тек қана тіреле қиылысады. Бөренелер құлап кетпес үшін қабір шұңқыры мен кима-таған арасына өзеннің ірі жұмыртастары арнайы қаланған сияқты. Камераның ішкі кеңістігінің өлшемдері – 2,9 x 1,5 м, киманың сыртқы шеттерінің параметрлері – 3,3 x 1,9 м (Акишев К.А., 1978, с. 15). Қиманың биіктігі – 1,5 м (Хабдулина М.К., 2011, баспада).

Қима-тағанның түбіне ұзын қабырға бойымен, беті тегіс етіліп өңделген, өте жақсы жымдастыра қарағайдан еден төселген (Нурмуханбетов Б., Загородний А., 1978). Еденге төселген он тактайдың ендері 13-14 см, қалыңдықтары 3,5-4 см.

Қиманың өлген адамды қоюға арналған солтүстік бөлігіне, еден үстіне, беті алтыннан жасалған ұсақ тоғалар тігілген мата жабылған (Ақышев К., 1976, 14-б.). Қима-таған ішіне алдымен адамды салтанатты киімімен төсеніш үстіне әкеп қойған. Оның басын күнбатысқа қаратып, шалқасынан, сол қолын кеудесінен асыра тастап, керісінше оң қолын денесіне жабыстыра, жамбас сүйегінің астына жібере, аяғын көсілте жатқызыпты. Жерленген адам 18-25 жас мөлшері аралығында деп болжанады. Оның бойы 165 см кем болмаған сияқты (Ақышев К., 1976, 7 б.; Акишев К.А., 1978, с. 15; Акишев К.А., Акишев А.К., 1982, с. 92).

Сәукеле пішінді баскиімнің құрамдас бөліктері болып табылатын пластиналар, жапсырмалар мен тікпе тоғалар адам бассүйегінен жоғарырақта, 65 x 30 см көлемді жерде, орнында жатты. Бас жақ тұсынан 150-ден астам бұйымдар табылды. Бас киімнің төбе ұшына тігілген арқардың мүсіні бассүйектен 65 см қашықтықта табылды (Акишев К.А., 1978, с. 17). Бас киімнің маңдай тұсына ерекше дүниетанымдық мәнге ие жануарлар бейнелері берілген.

Сырт киім жағасыз және өңірсіз, теріден тігілген, қысқа, қызыл түсті, жеңді камзол болған екен. Киімді «сауыттәрізді» етіп, түгелімен алтын әшекейлермен тігіп шыққан. Сырт киімнің ішіне жеңі мен жағасы ұсақ тоғашалармен әшекейленген көйлек кигізілген. Киімнің сыртынан он алты алтын тоға жапсырылған ауыр құрастырмалы белдік тағынған. Қалың шалбары қыртыстанбайтын матадан, не теріден тігілсе керек. Аяғына қонышы ұзын, әшекейленген етік киген (Ақышев К., 1976, 23-25-бб.).

Адамға тағылған сәндік әшекейлерден сол құлағындағы көгілдір жақұт тасты салпыншақ алтын сырғаны, мойнындағы үш жарым рет шығыршықтана оралған, екі бітер ұшында барыс бейнеленген әшекейді айтуға болады. Ақық пен паста тастарынан жасалған 26 тал моншақ та табылды (Акишев, 1978). Жерленген адамның оң қолының саусағына адамның басы қырынан бейнеленген мөрлі жүзік тағылса, сол қолына екінші қалқаншалы жүзік тағылуы мүмкін (Акишев К.А., 1978, с. 17, с. 30). Бес жыл өткеннен кейін, басқа жарияланымда Кемал Ақышұлы мен Әлішер Кемалұлы екі жүзік те адамның оң



■ К.А. Ақышев халықаралық делегация мүшелерін Есіктің алтын олжаларымен таныстыруда

■ К.А. Акишев знакомит международную делегацию с находками из кургана Иссык

■ К.А. Akishev introduces the finds of the Esik burial mound to the international delegation

қолына тағылған деп жазады (Акишев К.А., Акишев А.К., 1982, с. 93).

Оң жамбасы жақта, оң аяғының сүйектерін бойлай, алтын жалатылған темір қылыш пен оның қынының қалдықтары орналасқан. Сол жағында, сол қолының сүйектері мен денесінің аралығында қатты тот басқан, астында қорамсағы бар қанжар жатты. Қанжардың қынынан қаптамалар белбеудің таратқыш айылбастары сақталып қалған. Қанжардың аударылған қалпында жатуы оның алғашында адамның кеудесіне қойылған болуы мүмкін деген болжамды да жоққа шығармайды.

Адамның сол жақ шынтағы тұсына үшқырлы, жапырақ тәрізді жебенің ұшы ағаш сабымен жатса, одан жоғарыда алтын ленталармен оралған қамшының сабы болыпты (Ақышев К., 1976, 9-б.).

Басының сол жағына сырты алтын әшекейлермен өрнектелген қол қалтаға бетінде охра бояуы бар, қырында тұтқасы бар қола айна қойылған. Құйма айнаның диаметрі 12,8 см.

Жерлеу камерасынан барлығы 4 000-нан аса алтын бұйымдар табылды.

Қима-таған ішінің батыс бөлігіне қыш ыдыстарды, ал оңтүстігіне ағаш ыдыстарды, жалпы 31 ыдыс-аяқты адаммен бірге арнайы тәртіппен қойған (Акишев К.А., 1978). Оның ішінде 16 қыш ыдыс (10 құмыра және 6 тостаған), 3 металл тостаған (2 күміс және 1 қола), 2 қайыңнан жасалған жалпақ табақ, күміс қасық және ағаш ожау (Акишев К.А., 1978, с. 31). Бұл ыдыстарға тағамдар салынған, не құйылған болса керек. Бұлардың ішінде арнайы ғұрыптық мәнге ие ыдыстар да болуы мүмкін.

Ағаш ыдыстар мен адам қойылған бөліктер орын арасындағы бос жер – жерлеу ғұрпын атқарушы «абыз» жүретін орын болса керек. Ағаш ожау жерлеу ғұрпы атқарылғаннан кейін ең соңынан қойылса керек. Қиманың батыс кіші қабырғасына бір-біріне

тақап орналастырылған қыш құмыралар, ал олардың алдына қыш және күміс тостағандарды қойған. Алтын жалатылған қола тостағанды адамның бас жағына басқа ыдыстардан жеке қоюында бір сыр бар.

Айналмалы шарықта сапалы күйдірілген, қызғылт түсті қыш құмыралардың тегіс түпті, шығыңқы немесе тік бүйірлі, сыртқа иілінкі немесе керісінше ернеулі келген екі түрі болған. Биіктіктері 17-20 см құраған. Саяз түпті, онша биік емес (биіктіктері 6-6,5 см) қыш тостағандардың да ернеуі сыртқа аздап немесе жиек жасала жалпақ етіліп шығарылған. (Ақышев К., 1976, 9-12-бб.).

Жерлеу камерасының шығыс жағы – адамның аяқ жағы бос болды, осы бөліктен адамды аттандыру ғұрпын атқару үшін кіріп шығуы мүмкін (Акишев К.А., Акишев А.К., 1982, с. 92). Күміс бұйымдар соғу техникасымен, соңынан бетін тегістеп, жылтырату арқылы жасалған. Қола ыдыс жайында оның шеті жұмырлана қалыңдап келгендігі, тегіс түпті екендігі мен бетіне алтын жалатқандығы атап өтілген. Ағаш ыдыстарға сипаттама берген кезде К.А. Ақышев жерлеу орнында ағаштан жасалған 12 бұйымның табылғанын, олардың тек үшеуін: екі табақ пен ожауды ғана алып шығып, сақтап қалу мүмкін болғанын айтады (Акишев К.А., 1978, с. 31). Үлкен күміс ыдысқа жасалған сараптама, оның астына қоятын шағын табақшасы болғандығын анықтады. Сонымен қатар ғалымдар оны жасау барысында үлгі ретінде бактриялық фиал – су ішетін кесе қолданылғандығын атап өтті.



■ Археологтар экспедицияда. Алдыңғы қатарда (солдан оңға қарай): Т.М. Тепловодская, К.А. Ақышев, Т.В. Трифонова (Воробьева); екінші қатарда (солдан оңға қарай) – С.Ж. Жолдасбаев және экспедицияның көлік жүргізушісі

■ Археологтар в экспедиции. Первый ряд (слева направо): Т.М. Тепловодская, К.А. Акишев, Т.В. Трифонова (Воробьева); второй ряд (слева направо) – С.Ж. Жолдасбаев, водитель экспедиции

■ Archaeologists in the expedition. First row (from left to right): T.M. Teplovodskaya, K.A. Akishev, T. Trifonova (Vorobiev), the second row (from left to right) – S.Z. Zholdasbaev, expedition driver

АТА ӨНЕРІ – БАЛАҒА МҰРА

Есік обасынан алынған заттармен зертханалық-сараптамалық жұмыс жүргізу барысында К.А. Ақышев пен реставратор В.И. Садомсков жерленген адамның киімін бастапқы қалпына келтіруді ойластырыпты. Бұл машақатты іс 1970 жылдан бастап, үш жыл бойы жүргізілді.

Садомсков Владимир Иванович (12 қаңтар 1928 ж. – 14 мамыр 1993 ж.). Орал қаласында туылған. 1942-1946 жж. Орал қаласындағы К. Ворошилов атындағы зауытта, 1946-1947 жж. Алматыдағы С.М. Киров атындағы зауытта жұмыс істеді. 1956-1960 жж. №57 мектепте ұстаздық қызмет атқарды. 1960 ж. С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетін тәмамдаған. Археология бөліміне 1966 жылдың 16 наурызында инженер-реставратор болып қабылданды. Ол Мемлекеттік Эрмитажда, Мәскеу қаласындағы қалпына келтіру орталықтарының зертханаларында тәжірибеден өткен. Бесшатырдың ағаш мазарларының көшірмелерін жасаған, мавзолей, мазарлар макеттерінің төбесіндегі әйнек күмбездерін қалпына келтірген, археологиялық экспедицияларының жұмысына қатысқан. Владимир Иванович жөнінде Мир Қасымұлы Қадырбаев былай деген: «В.И. Садомсков – Қазақстандағы металдан, сүйектен, темір мен ағаштан жасалған археологиялық бұйымдарды сақтау және қалпына келтіру тәсілдерін жақсы меңгерген, тарихи ескерткіштерді қалпына келтіруші ең тәжірибелі мамандардың бірі». 1974-1977 жж. Владимир Иванович 5 277 бұйымды қалпына келтірген, оған Әбдіқадір Оразбекұлы Итенов көмектескен (Археология институтының қолжазба қоры). Владимир Иванович Садомсковке 1993 жылдың 18 мамырында мұражайлар күніне орай Есік қаласының құрметті азаматы атағы берілді.

Киімнің бөлшектерін қалпына келтіру үшін оның барлық бірнеше мың жапсырмасын тура сол күйінде қайта құйып шығу керек еді. Ал олардың пішіні де, өлшемі мен мазмұны да сан алуан болатын, олардың арасында құстар да, аттар да, арқар мен таутеке де, бұғы, барыс, қасқыр, тіпті қиял-ғажайып тіршілік иелері де бар...

Құйма қалыптарын жасау үшін арақ-шарап зауытынан сұрап алынған шампан қақпақтары пайдаланылды. Көркем бұйымдарды штамптау және бедерлеу үшін 45-тен аса қалып даярланып, жапсырмалардың, шығыршықтар мен пластиналардың 3000-нан астам көшірмесі жасалды. Анодталған алюминийден әзірленген көшірмелер техникалық дәлмедәлдігі жөнінен алтын түпнұсқалардан мүлдем ерекшеленбейтін. Күн өткен сайын, жылдан жылға Академия ғимаратының төменгі қабатында қызу жұмыс жүріп жатты.

Үлгілерді әзірлеумен қатар, б.з.д. 6-5 ғасырларда алтын бұйымдарды жасауда штамптау, құю, соғу, нақыштау, дәнекерлеу, пастамен және асыл тастармен бедерлеу, бояу (ол үшін қара және қызыл бояу қолданылған), түйіршіктеу, суықтай алтын жалату, жылтырату сынды алуан түрлі технологиялар қолданылғаны белгілі болды (Ақишев К.А., Ақишев А.К., 1982). Барлық жапсырмалар құйылып біткеннен кейін бір манекен-



- К.А. Ақышев пен В.И. Садомсков
- К.А. Ақишев и В.И. Садомсков
- К.А. Akishev and V.I. Sadomskov

ге басына мойнын жауып тұратын тілі, бетін қорғайтын қалақшалары бар конус пішінді биік қалпақ, былғары күртеше, шалбар, етік кигізілді. Әрине, бөлшектердің барлығын киімге қадап, тігіп шығу көп еңбек пен төзімділікті талап етті.

Бір ғана күрделі, көп бөліктен құралған бас киімнің бөлшектерін қайта тігіп шығудың өзі неге тұрады! Ол үш тік регистр – дөңгелек фриздар бойымен безендірілген. Төменгі фриз – өсімдік тектес өрнектері бар диадемалық пластина, жоғарырақ – арыстан мен жолбарыс бастары бейнеленген, одан да жоғары – «алтын таулар» фризі орналасқан. Таулардың басында құстар қонып отырған ағаштар бой көтерген. Әрбір ағаштың екі жағында таутеке мүсіні орналасқан. Осы фриздің қарама-қарсы бұрыштарында қанатты жолбарыстың жұп мүсіндері бар. Адамның шүйде тұсында денесімен артқа бұрылған жолбарыс бейнеленген. Бас киімнің бүкіл композициясының орталығы – жылқы, таутеке мен құс мүсіндерін біріктірген, арқасынан төрт алтын жебе және төрт қыран қанаты шығып тұрған аңыздағы екі тіршілік иесінің мүсіндік бейнелері. Қалпақтың төбесі арқар мүсінімен аяқталады (Акишев К.А., Акишев А.К., 1982).

Киіміне үш жапырақты және жолбарыстың басы түріндегі жүздеген тоғалар қадалды, мойнына да алтын орама әшекей тағылды, беліне жылқы, бұғы, бұлан және грифон белгілерін біріктіретін қияли жануарлар бейнелері мен бұланның басы бейнеленген салмақты тоғалардан ауыр белдік байланса, оған қанжар мен семсер ілінді, шалбарына, жіңішке таспа етіліп, ұсақ тікбұрышты әшекейлер тізіліп тігілді, үшжапырақтардан салынған етігіндегі ою жұқа, селдір өрнекті түзді (Акишев К.А., Акишев А.К., 1982).

Осылайша, ғайыптан қалпына келтірілген жас адамның бейнесі археология мұражайының көрмесінен өзіне лайықты орын алды. Бұл тіпті археологтардың өздері үшін маңызды оқиға болды (Акишев К.А., Акишев А.К., 1982; Хабдулина М., Балтабаева К., 2010).

1974 жылдан бастап Кемал Ақышұлы мен Владимир Иванович жасаған «Алтын адамның» қайта жаңғыртпасы жер шарының барлық құрлықтарын



- *Есік олжаларын қайта жаңғыртқан В.И. Садомсков*
- *В.И. Садомсков за работой*
- *V.I. Sadomskov at work*

аралап шығып, қай жерде болмасын, келушілердің назарын өзіне аударып, жасалған жұмыстың сапалылығымен реставраторларды таңдай қаққызып отырды (Хабдулина М., Балтабаева К., 2010).

Алынған үлгінің ешкімге ұқсамайтын ерекшелігі үшін бұл жаңғыртпа шетелдік баспасөзде Кеңес Одағы павильонының «садақ тартып тұрған экспонаты» деген атқа ие болды (Хабдулина М., Балтабаева К., 2010).

Біздің заманымыздан жүздеген жылдар артта қалған алыс дәуірге жататын киім элементтерінің тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінде көрініс табуы – бұл, сөз жоқ, археологтар Кемал Ақышұлы Ақышев пен Бекен Нұрмұханбетұлы Нұрмұханбетовтың және реставратор Владимир Иванович Садомсковтың зор еңбегінің жемісі.

Мемлекеттік елтаңба нышанының этнография деректерімен тоғысқан егжей-тегжейлі сипаттамасын Ә.Т. Төлжубаев пен М.К. Егізбаеваның мақаласынан оқуға болады (Төлжубаев А.Т., Егізбаева М.К., 2011).

Қаныш Сәтпаевтың қызы – Мейіздің есінде атақты археолог былайша сақталыпты: «Кемал ерекше жан – ардың, ымырасыз намыстың адамы еді. Ол Даланы сүйді – өзінің Қазақстанын сүйді. Оған тіршіліктің күйбеңі, майда қызметтік ұмтылыстар жат болатын. Ол мүлде басқа, уақыт гасырлармен өлшенетін, тұтас бір халықтар келіп, мәңгіге кетіп жататын үлкен әлемде ғұмыр кеітті. Сөйтіп, осы бір әлемдер қозғалысында ол өз халқының жол торабын тауып, Дала мен оның тұрғындарының тіршілік заңдарын тануға ұмтылды» (Хабдулина М., Балтабаева К., 2010).



■ В.И. Садомсков пен
О.В. Медведев
■ В.И. Садомсков и
О.В. Медведев
■ V.I. Sadomskov and
O.V. Medvedev

КӨНЕНІҢ КӨЗІ

Есік сақ адамы киімінің алғашқы келбетін қалпына келтіру жұмысымен қатар, Ә.К. Ақышев мүлде жаңа бағыт – заттар кешенінің семиотикалық мәртебесін зерттеуді де қолға алды. Сондықтан да Әлішер Кемалұлын Қазақстан археологиясындағы семиотика саласын қалыптастырушылардың бірі деп атауға толық негіз бар.

Бұрынғы КСРО аумағында бұл бағыт өткен ғасырдың екінші жартысында Тарту университетінде қалыптасып, жемісті дамыды. Әмбебап семиотика теориясының негізін қалаушы ретінде Ю.М. Лотманды атаймыз.

Дүние жүзінде бұл бағыттың пайда болуын XVII-ші ғасырда ағылшын материалист-философы Дж. Локктың семиотиканың мәні мен көлеміне анықтама беріп, семиотика – таңбалар туралы ғылым деп жазған уақытымен байланыстырады (Лотман Ю.М., 2001, с. 8). Дж. Локктың идеялары ұзақ уақыт бойы дамытылмағандықтан, семиотиканың екінші қайтара дүниеге келуі өткен ғасырдың ортасында жүрді және ол бірнеше пәннің: құрылымдық лингвистика, ақпараттық теория, кибернетика мен логиканың тоғысында пайда болды (Лотман Ю.М., 2001, с. 8).

Өнер дегеніміз де – таңбалар жүйесі болғандықтан,

Әлішер Кемалұлы Ақышев 1952 жылдың 26 маусымында Алматы қаласында дүниеге келген. 1974 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ тәмамдағаннан кейін ҚазКСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының археология бөліміне кіші ғылыми қызметкер ретінде қабылданады. Шүлбі, Жетісу, Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедицияларына қатысқан (Археология институтының мұрасы; Ақишев К.А., Ақышев А.К., 1982). 1980 жылы Мәскеу қаласында «Жетісу сақтарының өнері мен идеологиясы (Есік обасының материалдары бойынша)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Ол 1984 жылы «Сақтардың өнері мен мифологиясы» атты монография болып жарияланды. Бұл шағын кітапша тез арада библиографиялық жәдігерге айналып, қазіргі таңда ерте темір ғасыры кезеңінің өнері мен мифологиясы бойынша кез келген зерттеу жұмыстарында міндетті түрде осы еңбекке сілтеме беріледі. Қазіргі кезде Әлішер Кемалұлы ҚР Орталық мемлекеттік мұражайының археология бөлімінде қызмет атқарып жүр.



- Б. Нұрмұханбетов пен Ә.К. Ақышев. Экспедициядағы кезекті пікір-талас
- Б. Нұрмұханбетов и А.К. Ақишев в экспедиции
- B. Nurmuhanbetov and A.K. Akishev in the expedition

отандық тарих ғылымында дерек көздерінің мүлде жаңа түрі болып табылатын археологиялық материал – «Алтын адам» киіміне сараптама жасау барысында Ә.К. Ақышев семиотика әдістерін қолдана отырып, оны тұтас бір бейнелі мәтін ретінде қарастырған.

Бас киім, шекпен, белбеу, қару-жарақ, қамшы, шалбар және етіктен құралған киімнің элементтері өзара байланысып, біртұтас кешенді құрады. Өзінше бөлек жүйе бола тұра, олар жерлеу рәсімінің жекелеген элементтерімен (ыдыс-аяқ, тұрмыстық бұйымдар) және ландшафтпен біртұтастықты құра отырып, жер бетіндегі құрылыс жүйесімен де байланысты. Іле Алатауының асқақ тауларының етегінде орналаса отырып, бұл обалар дүние жаратылысының үлгісін – Ғаламның бір түйірін сипаттайтыны да Жетісудың ежелгі тұрғындарының діни-мифологиялық түсініктерімен астарласып жатыр.

Есік обасынан табылған, қалпына келтірілген киімге жасалған сараптама Ә.К. Ақышевке ежелгі тұрғындарда қасиетті «патшаға» табынудың болғандығын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеушілердің айтуынша, жерленген адамның киімі оның салт атты жауынгерлер тобына жататындығын көрсетеді, ал ежелгі көшпенділер, олардың ішінде сақтар да өз көсемдерін салт атты жауынгерлер санатынан сайлайтыны белгілі. Сонымен қатар Кемал Ақышұлы мен Әлішер Кемалұлы алтын әшекейлі киімнің көзге ұрып тұрған салтанатына қарамастан, «алтын аштық» себебімен түсіндіруге болатын іші қуыс үш орамды алқа, бұйымдардың ағаштан немесе қоладан жасалған негізіне жұқа алтын фольганың қолданылуы мен жапсырмалардың қалыңдығы көп бағалы металл жұмсалғанының елесін қалыптастыратын көзбояушылықтың байқалатынына назар аударды (Ақишев К.А., Ақишев А.К., 1982, с. 94; Ақишев А.К., 1984).

Қалпына келтірілген бас киімнің пішіні б.з.д. 6-5 ғасырлардағы Ахеменидтік Иранның астанасы болған Персеполь қаласындағы баспалдақтың бедерінде бейнеленген, әдебиетте «шошақ төбелі бөрік киген сақтар» деп аталатын тиграхауда сақтарының бас киіміне өте ұқсас (Ақишев К.А., Ақишев А.К., 1982, с. 98).

Алдында атап өткендей, фриздарды үш тік регистрге (төменгі – қанатсыз және жоғарғы – қанатты жануарлар; тау – етегі – басы; ағаш: тамыры – діні – басы) бөлген қалпақтың композициясының нышандары ерекше қызықты.

Бас киімде орналасқан бейнелердің мәнерлі мәтінінде ғарыштың тігінен және көлденеңнен құрылысы: дөңгелек немесе төрт бұрыш пішінді жерасты, жер беті және аспан әлемдері туралы ақпарат жасырынған. Бұл космограммада сақтарда билік космологиямен байланыстырылатындықтан «әлем ағашы» концепциясы көрініс тапқан. Сондықтан да ел билеушісі дұрыс ұйымдастырылған ғарыштың бейнесі болып табылатын. Бір сөзбен айтсақ, ол ғарыштың кіндігі, әрі орталығы болған, ал биліктің белгілері болса тайпалар одағы мен ғарыштын ұқсастығын білдіретін (Ақишев К.А., Ақишев А.К., 1982, с. 98).

Зерттеушілердің пікірінше, Есік обасынан алынған коллекциядағы өнер туындыларында сақтардың ахеменидтік Алдыңғы Азия көркем мәдениетінің жетістіктерімен, грек-бактрия жауһарларымен, сарматтар мен Оңтүстік Сібір тайпаларының торевтикасымен жақын таныстығы байқалады. Сақтар осы туындыларды өңдеп, оларды тек Қытайдың түкпір-түкпіріне жеткізіп қана қоймай, бүкіл Еуразияға тарата алды. Жетісу өңірін жайлаған ежелгі көшпенділер өнерінің сүйікті сарыны – жолбарыс немесе жолбарыс-грифон бейнесі – эпостық «жолбарыс терісін жамылған батырлар» образын болжамды түрде сақтардың фольклорлық дәстүрінен өрбітуге мүмкіндік береді (Ақишев К.А., Ақишев А.К., 1982, с. 98).



■ *Есік обасындағы алтын адам жерленген орынның жоспары (Ақисhev К.А., 1978 бойынша)*

■ *План дна погребальной камеры кургана Иссык (по: Ақисhev К.А., 1978)*

■ *The plan of the burial chamber bottom of the Esik burial mound (after Akishev K.A., 1978)*

ТАРИХ ЖЕЛЕГІН КІМ ҚҰРАП ЖӘНЕ КІМ АЛЫП ЖҮРЕДІ...

■ «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайын ұлттық стратегиялық «Мәдени мұра» жобасы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Мәулен Әшімбаев ашты. Мамыр 2011 ж.

■ Церемония открытия Государственного историко-культурного заповедника – музея «Иссык». Речь произносит председатель Общественного совета проекта «Культурное наследие» Маулен Ашимбаев. Май 2011 г.

■ The opening ceremony of State historical and cultural reserve “Esik” museum, opening address of Maulen Ashimbaev, the Chairman of the project “Cultural heritage” May, 2011

Бүгінде Есік қаласына жақындағанда, тас жолдың оң жақ қапталында табиғи ландшафтыға етене сіңіскен, басты көркі көшпенділер өркениеті қалдырып кеткен көне обалар болып табылатын мұражайды көруге болады. Олар сандаған ғасырдың үнсіз куәлары ретінде далада мен мұндалап тұрады.

Қорық-мұражай ашу туралы Қаулы 2007 жылы Мемлекеттік стратегиялық «Мәдени мұра» жобасын жүзеге асыру аясында қабылданды. Есік обалары орналасқан жерде ашық аспан астындағы мұражай жасауды жүзеге асыру ресми түрде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2010 жылдың 30 қаңтарында қол қойған №43 Жарлығынан бастау алады (Мухтарова Г.Р., 2011, с. 25).

Қысқа мерзім ішінде авторлар ұжымының (жоба авторлары – ЖБА Білдебаев Н.М., ЖБК Жуйко Е.Д., Демеуов Б.Ш.; архитекторлары – Ушанова О.В., Білдебаев М.Н., Мекебаева М.; конструкторлары – Яровая Л.Н., Боровикова Е.А., Аверьянова Т.М.) жобасы бойынша мұражай ғимараты салынды («Қазқайтажанғырту» РМК). Мұражай көрмесін «Дара» ЖШС қызметкерлері безендірді.

Мұражай көрмесі сырт көзге Есік обасының зерттелу тарихын көрсететін көркем сурет сияқты қабылданады. Онда қазба жұмыстардың барысы және әр жылдарда патшаның киімін қалпына келтірумен айналысқан археологтар мен реставраторлардың портреттері бейнеленген фотосуреттер ұсынылған. Кемал Ақышұлы айтқандай: «Алтын сарбаз өзіне жүгінгендердің әрқайсысы үлгісін жасаған өзінің жеке тағдырына ие» және «Алтын адам» бейнесін қалпына келтірген жаңа нұсқаларға еш наразылық танытпаған» (Хабдулина М., Балтабаева К., 2010 алынған). Марал Ғалымжанқызы Хабдулина



мен жазысқан хаттардан білетініміз, өзінің қалпына келтіру нұсқасы жөнінде К.А. Акышев, – ол тұспалдар мен интерпретацияға емес, қабірден табылған заттардың нақты жатқан орнына негізделе жасалған, – деп айтқан. Сонымен қатар, М.Ф. Хабдулина журналистер Кемал Ақышұлынан патент тіркеуін талап еткенін де атап өтеді. Алайда Кемал Ақышұлы: «Мен мұны Кеңес заманында жасағанмын, ал қазір бұл менің емес, мемлекеттің меншігі» деп жауап берген екен.

Мұражай көрмесінде «Алтын адамның», Берел обаларының материалдары бойынша жасалған адаммен бірге қойылған жылқы маскасының қайта жаңғыртпалары, Есік обасынан табылған бұйымдардың түпнұсқалары мен көшірмелері, оның макеті және тағы басқа көптеген экспонаттар қойылған.

Ақпараттық стендтердің бірінен мұражайдың алғашқы демеушісі жөнінде білуге болады. Ол «Қазақтелеком» АҚ Алматы облыстық телекоммуникация дирекциясының бас директоры Ж.А. Мейрамбаев мырза еді.

Мұражай ішін аралап жүргенде, уақыт керуенінде саяхат жасап жүргендей күй кешесің. Бұған мұражайдың өзіндік ерекшелігі – «Зерде сатысы» да ықпал ететіндей: табалдырықтан аттап өтіп, өзге әлемге тап боласың, өз-өзіңмен және Уақытпен оңаша қаласың. Терезенің арғы жағында – айрықша көрініс – осы жерде, осы ғимараттың тұсында тоқтап қалған Уақыттың сақшылары тұрғандай. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының ресми ашылуы 2011 жылғы 10 маусымда болды. «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасының міндеттерін орындау жөніндегі Қоғамдық кеңес көшпелі мәжілісін мұражайдың ашылуына орай осында өткізді.



- «Есік» мұражай-қорығы. Көрмедегі жәдігерлерді алғаш сөйлету құрметі Бекен Нұрмұханбетұлына бұйырды
- Б. Нурмұханбетов проводит экскурсию по залам музея-заповедника «Иссык» для участников заседания Общественного совета проекта «Культурное наследие»
- B. Nurmuhanbetov conducts a tour of the showrooms of the museum-reserve «Issyk» for participants of the meeting of public Council of the project «Cultural heritage»



- «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының ғимараты
- Здание государственного историко-культурного заповедника – музея «Иссык»
- The building of the State Historical and Cultural Reserve of Museum «Essik»



- «Есік» қорық-мұражайының көрмесі
- Внутреннее убранство залов заповедника – музея «Иссык»
- The interior of the reserve showrooms «Esik» museum

Ашылу рәсімі Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігі басшысының орынбасары, «Мәдени мұра» Мемлекеттік стратегиялық жобасының міндеттерін орындау жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрағасы Мәулен Сағатханұлы Әшімбаевтың сөзімен басталды. Осы шараға Қоғамдық кеңестің мүшелері – Ә.А. Асқаров, С.Е. Әжіғали, Н. Әлімбаев, К.М. Байпақов, М.Қ. Әбусейітова, І.М. Қозыбаев, Қ.Қ. Тұяқбаев, А. Мұхамәдиұлы, Е. Шаймерденовтермен қатар, С.М. Мұқанов, Т.Т. Түсіпбеков, Б.Р. Шенгелбаев, Г.З. Телебаев, А.А. Тойбаев, Б.Ә. Байтанаев, Ә.Т. Төлұбаев, К.А. Алтынбеков,


- Алтын киімді адамды алғаш тапқан, бүгінде сол мұражайда қызметкер Б. Нұрмұханбетов көрмені кезекті таныстыру үстінде
- Б. Нұрмұханбетов знакомит посетителей с экспозицией музея
- B. Nurmuhambetov introduces visitors with the museum exposition



Х.М. Әбжанов, А.З. Бейсенов, М. Садықбек, С.М. Жұмағұлов, Е.К. Жұмағұлов, Г.Х. Балабекова сынды министрліктер мен ведомстволардың, ғылыми ұжымдардың өкілдері де қатысты.

Әрине, қорық-мұражайдың бүгінгі жай-күйін ауызға алғанда, осында қызмет атқарып жүрген жандар тудырған көңіл-күйді айрықша атап өту керек. Есік обаларының мұражайлануына мұрындық болған, әрине, өз туындысына жанын берген Бекен ата. Қазақстанның ақсақал археологының бөлмесіне кіріп, сабырлы үнін естіп, саликалы әңгімесін тыңдаудың өзі бір ғанибет. Сөрелерде студенттік кезден бері жинақталған материалдар: сызбалар, слайдтар мен жазбалар тіреліп тұр. Олар қызу қайнап жатқан жұмыстың белгісі іспетті. Бекен қарт тұнып жатқан қазына, асыл дария. Сенімен бала болып ойнап та, қария болып қабағын түйіп, терең ойға шомып та әңгіме дүкен құра алады. Білім іздегендерге жүрегі әрқашан ашық. Бекен Нұрмұханбетұлына мінездеме бере отырып, оның шәкірті Арман Бейсенов мынадай бір теңеу айтқан еді: «... арқа қазақтары ежелде әр адамға асыл тас толы алтын сандық беріледі және әркім оны өз білгенінше алып жүреді дейтін. Бекен жұртқа сый таратып жүріп-ақ, өз нәсібесінен айрылмады!» (Бейсенов А.З., 2011, с. 12 алынған). Бекен ата, адамгершілігіңіз үшін, өзіңізді ешқашан қапы қалдырмаған ұлттық түйсігіңіз үшін, адамға және Көк Тәңіріге деген сеніміңіз үшін зор рахмет.

Жаңа мұражайдың ұжымы жұмыстың ырғағы мен екпінін басшылары – Гүлмира Раилқызы Мұхтароваға қарап түзейді. Мұражай қызметкерлері үнемі шығармашылық ізденіс үстінде. Мұнда үйлесімді, келешек бағыт-бағдарларын тереңнен ойлайтын, бір бойына кешегіні, бүгінгі мен ертеңгіні де біріктірген қазіргі заман мұражайы деген атқа лайық болуға ұмтылатын ұжым жұмыс жасайды.



- «Есік» қорық-мұражайының көрме залдарындағы экспозициялардың бір бөлігі
- Фрагменты экспозиций в залах заповедника – музея «Иссык»
- Fragments of the exhibits in the reserve showrooms «Essik» museum



- «Есік» қорық-мұражайының қорында сақтаулы тұрған Есік обасынан табылған қыш ыдыстар
- Посуда из кургана Иссык хранится в фондах заповедника – музея «Иссык»
- Dishes from the Esik burial mound is kept in reserve funds of «Esik» museum

ЗАТТАРДЫҢ БОЛМЫСЫНА ҮҢІЛСЕК...

Еуразияның шығыс бөлігіндегі алғашқы ашылған тоналмаған жерлеу ескерткіші – Есік обасы материалдарының маңызы өте зор. Мәселе алтынның салмағы мен санында, тіпті оның көркемдік қасиеттерінде де емес, сақ-скиф кезеңі өкілдерінің бет-бейнесін қалпына келтіру, әлеуметтің ұйымдасуы мәселелерін, рухани мәдениеті мен идеологиясын зерттеуде... Бұлар көп қырлы көшпелі өркениетті зерттеудің кейбір аспектілері ғана.

Оба материалдарын алғаш рет жариялағанда К.А. Ақышев тарих үшін, материалдық мәдениет тарихы, өнер тарихы, жазу мен тіл тарихы, палеоантропология үшін құнды ақпарат алынғанын атап өткен болатын (Акишев К.А., 1974, с. 77).

Семсер мен канжардың сабы мен балдағының пішіні, бұйымдардың көркемдік-стилистикалық ерекшеліктері, қыш құмыралардың түрлері мен пішіндерінің сан алуандығына қарай отырып, қазақ археологиясының көшбасшысы К. Ақышев обаны б.з.д. 5 ғасырға жатқызуға мүмкіндік береді деп нақты айтқан болатын (Акишев К.А., 1974, с. 77).

Есік жауынгерінің бас киіміне, оған берілген мән-мағынаға толықтай, егжей-тегжейлі, дәйекті сараптама жүргізу нәтижесінде авторлар осы «тәж» жерленген адамның тиграхауд сақтарына жататындығын білдіреді деген негізді тоқтамға келді (Акишев К.А., 1978, с. 61-63; Акишев К.А., Акишев А.К., 1980, с. 18).

Сонымен қатар Есіктен табылған бас киім мен сырт киімнің пішіні мен безендірілуі оны киген адамның жауынгер болғандығын, ғұрыптық істерге де қатысы болғандығын айғақтайды. «Ғарыштың сакральды үлгісі» саналатын Есік бас киімінде олардың әлемді тану тұжырымдамасы берілген (Акишев К.А., Акишев А.К., 1980, с. 19-21, 23).

Бөріктің табылуы ежелгі Хорезмде, Парфияда, Соғдыда, кушандар және сасанидтер мәдениетінде танымал болған «бүркіт тәжінің» шығу тегі туралы мәселені көтеруге түрткі болды. Зерттеушілер скиф-сақ және иран халықтарында мұндай тәждердің шығу тегінің идеологиялық негізі бір, ал сақ-юечжы билеушілерінің «бүркіт тәждерінің» бейнелеу ерекшелігінің шығу тегі ортақ болғанын атап өтеді. Тәждегі құс, оның қанаты немесе қауырсындары билеушіге билік нышандарын Тәңірдің табыстауы идеясымен байланысты болған. Есіктен табылған күннің нышаны бар инвеституралық бас киім хварна идеясын білдіреді, ал төбесіндегі алтын қошқардың мүсіні – Митра мен хварнаның нышаны болып табылады (Акишев К.А., Акишев А.К., 1980, с. 27-29).

Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: Есіктен табылған бас киім мен жазу сақтарда билікті жүргізетін идеология мен әлеуметтік даму деңгейінің жоғары болғандығын білдіреді.

Қытай жазба дерек көздеріне жүргізілген жаңа зерттеулер Ю.А. Зувка «алтын адам» юэчжилармен бірге бір мемлекет түзген үйсіндердің өкілі болған, ал Хунье (Хунье – юечжи көсемі) – көсем фарнын сақтаушы абыз тайпасы деген болжам айтуға мүмкіндік берді (Зув Ю.А., 2002, с. 10, 28-29).

Ерте темір дәуіріндегі тайпалардың этникалық шығу тегін сәйкестендіру мәселесі әлі де күрделі және көп жағынан шешілмеген мәселе болып келе

тыр. И.М. Дьяконовтың пікірінше, «скиф» терминін «сақ» терминімен байланыстыратын кең тараған теория сын көтермейді. Оны saka – «сақ» терминінен нақты ажырата білу керек (Дьяконов И.М., 2008, с. 255-256).

«Шкуда» деген тілі жөнінен ирандық, ал археологиялық сипаттары жөнінен «скифтерге дейінгі» тайпалардың бірінің атауы болған. Ол Солтүстік Кавказды мекендеп, б.з.д. 7 ғасырда Күнгей Кавказға басып кірген, кейіннен гректер бүкіл солтүстік жақтағы көшпелілерді сол тайпаның атауымен атап кеткен. Қара теңіз маңын мекендеген «скиф» тайпаларының бірде біреуі, шын мәнінде, өздерін скифтер деп атамаған.

...жалпы скифтер немесе «шкудалар» скиф тайпалары деп аталып жүргендердің (кейіннен ғана археологиялық мағынасында да «скифтік» болып кеткен) қатарына жататын, авхаттар, трапиялар, парлаттар немесе савроматтар сияқты жеке тайпа болған.

Бастапқыда Украина аумағында тек скифтер ғана тұруы мүмкін, ал басқалары – алдымен Азияда тұрып, кейіннен массагеттермен соғыс кезінде ығыстырылып, Аракс (Еділ) өзенінен өтіп, киммерия жеріне ауып кеткен болуы мүмкін (Дьяконов И.М., 2008, с. 257).

Ал «ортокорибантия» (Мидия сатрапиясында) терминіне келер болсақ – бұл ирандық tigraxauda – «шошақ төбелі бөрік киетіндер» деген, Дарий I мен оның баласы Ксеркстің жазбаларындағы әлдебір скиф-сақ тайпаларының лақап аты. Дарий мен Ксеркстің осы терминді арнайы қолданғаны барлық скиф-сақ тайпалары, тіпті киммерлерді де қоса, бастапқы кезде онша да биік емес шошақ төбелі бас киім киіп жүргендерін жоққа шығармайды. Осылайша, Геродоттың ортокорибантийларын Арриннің сакесиндерімен, Кура өзенінің орталық ағысынан оңтүстікке қарай оқшаулайтын Страбонның Сакасенасының тұрғындарымен ұқсастыруға болады. Парсылар солтүстіктегі көшпелі тайпалардың барлығын сақтар деп, гректер – скифтер, ал вавилондықтар – киммерліктер деп атаған (Дьяконов И.М., 2008, с. 494).

«Шығыс» иран тайпалардың көп бөлігі – скифтер, аландар, массагеттер, сақтар, хорезмдіктер, соғдылар оңтүстік-шығыс Еуропа мен Орта Азия аумағында қалды... Бактрийліктер, соғдылар, хорезмдіктер, массагеттер, аландар мен скифтердің ұрпақтары уақыт өте келе көбінесе «батыс» иран (парсы) және түрлі түркі тілдерін, кей жерлерде сонымен қатар фин-угор және славян тілдерін қабылдап, соған сәйкес тайпалармен және халықтармен араласып кетті (Дьяконов И.М., 2008, с. 454-455).

Тиграхауда сақтарының орналасуы жайлы ерекше пікірді Р. Исмагил ұстанды. Ол антик деректеріндегі скифтер ахеменидтік құжаттардағы сақтарға сәйкес келеді деген тұжырым жасады. Сақтар термині аудармада «халық», «тайпа» дегенді білдіреді екен (Исмагил Р., 2007, с. 111).

Р. Исмагилдің пікірінше, тиграхауда сақтары деген терминнің олардың киіміне ешқандай қатысы жоқ. Ол «халық (тайпа): түркі жігіті» деген мағынада болған. Осы термин сәл кейінірек уақытта өмір сүрген халық – түркі халықтарына қатысты деп түсіну керек. Ерте темір дәуірінде Батыс Қытайдан Балқан тауларына дейінгі үлкен аумақта атаулары «ер жауынгер», «батыр» деп аударылатын тайпалар мекендеген (Исмагил Р., 2007, с. 110-111).

Есіктен алынған жауынгер киімінің және тұтас бұйымдар жиынтығының безендірілуі мен мән-мағынасына Ә.К. Ақышев жақсы сараптама жасады. Соңғы археологиялық ашылымдар аясында кейбір жаңа аспектілерді байқауға болады.

Археологиялық ескерткіштерден алынатын мағлұматтар негізінде ерте









- *Екі жағында барыстың басы салынған мойын әшекей*
- *Гривна. Деталь*
- *The neck let. Detail*

темір дәуірінде Алтай мен Жетісуды мекендеген тұрғындардың мәдени жақындықтары мен ұқсастықтарын байқауға болады. Алтай мен Жетісу ежелгі көшпелілерінің тек этнографиялық принциптерге ғана емес, ортақ негізді идеологиялық және дүниетанымдық

ұстанымдарға негізделген бас киімдерінің безендірілуі осы аймақтарда көп ортақ сипаттарға ие. Еуразияның таулы-аңғарлы және далалы өлкелеріндегі обалардан табылған көшпелілер мен малшылардың киімдерінің сәнінде өзге жануарлардың түр белгілерімен толықтырылған жылқы бейнелері орын алды. Алтайдағы тоң басқан обалардан табылған, ерекше сақталып қалған айрықша олжалар осы аймақты б.з.д. 1 мыңжылдықта мекен еткен тұрғындардың түр-бейнесін, киімдерін, бас киімдерін, жылқыларының салттық-мерекелік ер-тұрмандарын қалпына келтіру үшін қайталанбас мүмкіндік берді. Обалардың астындағы тоңда балқарағайдан жасалған кима-таған мен астауларда жерленген адамдардың мумияланған денелері сақталып қалған. Ағаштан, былғарыдан, мата мен киізден жасалған киім бөліктерінен басқа, денелеріне салынған суреттер, шаш үлгілері сақталған. Өлген адам-

мен бірге жабдығының әр затына мән беріле жасалған салтанатты шерулік жылқылар қоса жерленген. Мысалы, жылқының төбесіне бұғы мен тау текенің мүйізі тағылса, бетіне бетперде жапқан, ал тоқымына жыртқыш аңдардың тұяқты жануарларды жұлмалап жатқаны бейнеленген көріністер берілсе, әбзелдерінде ағаштан жасалған, алтын жалатылған салпыншақтары болды. Киімдері мен жылқы әбзелдерінің қандай түсті болғаны да сақталып қалыпты. Алтайдың ежелгі көшпелілерінің (пазырық мәдениеті) этнографиялық бет-бейнесін қайтадан жаңғырту – бұл алдағы кеңінен ашылған мүмкіндіктердің бірі ғана. Сақ әлемінің түрлі аймақтарында мекендеген ежелгі тұрғындардың мәдениетіндегі ерекше және ортақ дүниелерді, жерлеу рәсімін, дүниетанымдық және діни ұстанымдарының ең маңызды аспектілерін зерттеу және қалпына келтіру – сол дәуір мәдениетін зерттеудің аса маңызды құрамдас бөліктері болып табылады.

Өзге дүниелермен қатар, зерттеушілер ежелгі Алтай көшпелілерінің бас киімінің түрін қалпына келтіре алды. Олардың бас киімдері әдетте жануарлардың мүсіндерімен «әшекейленетін», соның ішінде бас киімнің жоғарғы бөлігінде бұғының, құстың, таутеке-жылқының бейнелері болатын. Алтай көшпелілерінің мәдениетінде бұғы және таутеке мүйізі бар жылқы бейнелерін көп қолдану көбінесе ерлердің – сарбаздардың, аңшылардың бас киімдеріне тән екені атап өтілген. Пазырық жерлеулерінің бірқатарында «жылқы» мүсіндерінің алтын немесе алтынмен жалатылған теріден жасалған



- Барыс бейнесімен сәндіделген мойын әшекейі
- Нашейное украшение – гривна, декорированная изображениями барсов
- A neck ornament – necklet, decorated with Leopard image



- *Үш жарым айналмалы адамның мойын әшекейі*
- *Нашейное украшение – гривна, декорированная изображениями барсов*
- *A neck ornament –necklet, decorated with Leopard image*





- Құстың мойны мен басы түрінде жасалған тұтқалы күміс қасық
- Серебряная ложечка с ручкой, выполненной в виде шеи и головы птицы
- Silver spoon with handle, made of neck and head image of a bird



- Түбіне таңба-белгі салынған күміс тостаған
- Серебряная чашечка с процарапанными на тыльной стороне знаками
- Silver bowls with scratched symbol on the backside



- *Куміс тостаган*
- *Серебряная чаша*
- *Silver Bowls*



- *Куміс тостаган*
- *Серебряная чаша*
- *Silver Bowls*


таутеке мүйіздері болған. Тонды обаларды зерттеген археологтардың пікірінше, таутеке-бұғы және таутеке-жылқы – қайтыс болған жанмен өзге дүниеге, көктегі жайылымға ілесіп баратын, бір-бірінің орнын баса алатын қасиетті бейнелер. Мұндай синкретті жануарлар бейнелері жүйрік ат пен тау шындарын мекендейтін таутеке бейнелерін ұштастыратын. Адаммен – сарбазбен, аңшымен бірге жерленген дәл осы жануар Көктегі жайылымға дейінгі қиын да, қатерлі жолды жылдам жүріп өтуге қабілетті болған. Бұл дәстүр мифтік санада тереннен тамыр алады, зерттеушілер тіпті ежелгі үнді аңыздық-ғұрыптық дәстүрінде тау текелер жылқыларға «көлік құралы» ретінде теңестірілетіндігі жайлы айғақтар бар деп атап өтеді. Пушан құдайдың күймесіне жегілген жануарлардың ішінде «таутеке-жылқы» бейнеленген (Литвинский Б.А., 1972, с. 148).

Тұтастай алғанда, құс, бұғы және таутеке мүйізді жылқылар – бұлар сакральды «жоғары жақты» білдіретін пазырық бестиариясының кейіпкерлері. Бұғылар мен таутекелердің әлемдік ағашпен байланыстырылатын мүйізінің бар болуы, сонымен қатар олардың мәңгі қар басқан тау шындарында мекен етуі – бұл жануарлардың ғұрыптық салтта медиатор қызметін, құрбандық шалатын баған қызметін атқаруы мүмкін екендігінің бір себебі осы болып қалар. Құрбандық бағаны аспан мен жер арасын байланыстыратын буын ретінде қабылданған. Салттық жоралғыларда ол түбінде тұяқты жануарлар, ал басында құстар орналасқан әлем ағашының түпбейнесі қызметін атқарған. Мұндай бағана рөлін тұяқты жануар да орындай алған. Мәселен, тасқа салынған суреттердегі танымал сюжет – бір мама ағашқа байланған екі жылқы.

Пазырықтықтардан қоладан немесе алтын жалатылған ағаштан жасалған әйелдердің шаш түйреуіштері де белгілі. Олардың ұшында алмалы-салмалы бөліктер – құлақтар, тау теке мүйізі, құйрықты (таутеке) орнатуға арналған тесіктері бар жылқы, сондай-ақ бұғы, таутеке, құс мүсіндері болған (Кубарев В.Д., 1987, с. 169-170, 171).

Құс пен жылқы бейнесінің Көкпен, Күнмен байланыстылығы жөнінде ежелгі бейнелеу өнерінің сансыз ескерткіштері ғана емес, мифология да сыр шертеді. Ежелгі адамдар ортасында қанатты пырақ бейнесіндегі Күн жайлы, жылқылар немесе құстар жегілген ашвиндар күймесі туралы түсініктер болғаны белгілі. Аспан пырағымен байланысты нанымдарды зерттеушілер

- Түбінде белгілер бар күміс тостаған
- Серебряная чашечка
- Silver bowls





- Көгілдір ақық тасты алтын сырға
- Серьга, декорированная бусинками бирюзы
- Golden earrings decorated with turquoise

■ *Есік падишасы киімінің алғашқы жаңғыртпасы. Жаңғыртпа авторлары – К.А. Ақышев, В.И. Садомсков. Жаңғыртпа Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұражайында.*

■ *Первая – наиболее сложная – реконструкция облика иссыкского вождя в экспозиции музея Института археологии им. А.Х. Маргулана (авторы реконструкции – К.А. Акишев, В.И. Садомсков)*

■ *The first and the most difficult reconstruction of the image of Esik leader in the exposition of A.H. Margulan Archaeology Institute museum (the authors of reconstruction – K.A. Akishev, V.I. Sadowskov)*

■ *«Өмір бәйтерегіне» қонақтаған құстардың мүсіндері*

■ *Элемент головного убора в виде фигурок птиц на вершинах деревьев*

■ *A headdress in the shape of birds figures at the tops of trees*





- *Есік падишасының Бас киімінің жаңғыртпасы*
- *Реконструкция головного убора иссыкского вождя*
- *The decoration of headdress. Detail.*



ежелгі және орта ғасырлық Орта Азияда кең таралған деп есептейді (Литвинский Б.А., 1972, с. 152). Көкке табынумен байланысты қанатты пырақ бейнесі, түптеп келгенде, мифологиялық және фольклорлық мәтіндерде жылқы мен құс бейнесін қатар қойып салыстырудан туындаған. Жылқының діни, ғұрыптық рөлі «жылқы патшаның ажырамас серігі, әрі киелі меншігі болғандығында» да көрініс тапқан. Өлу мен қайта тірілу (патшаның) және аман-саулық идеясымен байланысты жылқының қатысуымен өтетін ең танымал ғұрып – Ашвамедха (Кузьмина Е.Е., 2002, с. 62-63). Алтайдағы жерлеу обаларындағы адаммен бірге жерленген жылқыларды қабір шұңқырының шетіне әкеліп, чеканмен мандайларынан ұрып өлтірген. Бұл жерленген жануарлардың құрбандық, киелілік сипаты, олардың адамды жерлеу салттарына қатысқандығын, жылқылардың бетперделері мен әбзелдері сипатының кездейсоқтық еместігі, жаңа бейненің синкреттілігі туралы болжамды жанама түрде растайды.

Жазба дерек көздеріне, ежелгі өнер ескерткіштеріне, киімдегі бұғы, жылқы, таутеке бейнелерінің орналасу тәртібіне жасалған талдаулар бұл жануарлардың Күн мен Жоғарғы әлемнің әмбебап нышандары болғандығын көрсетеді. Зерттеушілердің пайымдауынша, құс, бұғы, таутеке-жылқы әлемнің мифологиялық көрінісінің жоғарғы бөлігінің негізгі кейіпкерлері болған (Дашковский П.К. Усова И.А., 2010, с. 304). Жоғарғы әлемді құстар, мүйізді «таутеке-жылқылар» мен қанатты таутеке-жылқылар сипаттайтын.

Әлеуметтік беделі жоғары тұлғалардың бас киімдерінде қанатты және мүйізді жылқылардың бейнеленуі кездейсоқтық емес. Олар абыз ханның көзі тірісінде оның киелілігін, қасиеттілігін, делдалдық қызметтерін білдірсе, жерлеу рәсіміндегі жылқы марқұмды өлгеннен кейін о дүниеге жеткізуді қамтамасыз ететін тасымалдаушы рөлін атқарған (Фиалко Е.Е., 2003, с. 169).

Жылқы – скиф-сақ әлемінде және онда ғана емес – құдайларға құрбандыққа шалынатын жануар. Жылқы бейнесінің Күн құдайымен байланыстылығы даусыз. Ирандық дәстүрде жылқы Аспан өрісімен байланысты болған, соған сәйкес еркек бастамасының да бейнесін танытқан. Ол әрқашан да мәдениеттің ерлерге тән аясы мен әскери тұрмыстың ажырамас бөлшегі болып қала берген. Зерттеушілердің пайымдауынша, түркі эпостарындағы «батыр мен оның тұлпары» деген басты тандем скиф дәуірінде пайда болған.

Жалпы алғанда, еркектік құдыреттер тұяқты жануарлармен, ал әйелдік құдыреттер – жыртқыштармен салғастырылады деп көрсетіледі. Осылайша, зооморфтық код арқылы дүниенің басты ғарыштық

- *Жүзінде жануарлар бейнеленген сақ қанжары*
- *Знаковое оружие саков – акинак, декорированный изображениями животных*
- *Saks arms symbol: dagger, decorated with animals image*



- Қанжардың бір бөлігі. Қарама-қарсы қойылған бүркіт грифонның бастары салынған саптың ұшы
- Акинак. Деталь. Наверх акинака в виде изображений противопоставленных голов орлиных грифонов
- The dagger. Detail. Finial dagger image among strategic goals of Eagle springs

күштері белгіленетін (Полидович Ю.Б., 2006, с. 369-370).

Кейінірек, орта ғасырларда, жылқыны халықтың құдыреттілігі мен дәулеттілігінің белгісі ретінде қастерлеу нығайған. Халық күшінің бейнесі ретіндегі жылқы эпостарда кей кездері батырдың өзінен де маңыздырақ орын алады. Жылқы мифологияда Күн тәңірінің өзі, не оның серігі болып табылатын немесе Күн тәңірінің бір туындысы ретінде көрінетін. Ол сондай-ақ қанатты тіршілік иесі бейнесінде де көріне алатын. Ежелгі иран пантеонындағы патшаларға көктен түсіп, асқақтық, ұлылық пен құдыреттілікті бейнелейтін, атақты құдірет – хварн (фарн) жылқы бейнесінде танылды. Кейінірек жылқыны Көкке бағыштау барлық Саян-Алтай халықтарына тән болды (Николаев Р.В., 1987).



■ Бас киімнің бір бөлішегі.
Тау шыңы мен ондағы тағы
бір өзгеше тұрыстағы барыс
мүсіні

■ Элемент декора головного
убора в виде изображения
барса и горных вершин

■ The element of headdress
decor in the shape of Leopard
and mountain tops image

Жылқы-күс бейнесіне байланысты барлық мәселелер мамандар тарапынан жете зерттелді. Олар Есік жауынгерінің жоғары әлеуметтік мәртебеге ие болғандығы мен бейнеде күрделі семантикалық мағына жатқанын сөз етеді. Б.з.д. 1 мыңжылдықта ежелгі малшылар мен көшпелілер ортасында туындаған, тамыры тереңге кеткен дәстүрлер орта ғасырлардағы көшпелілер мен кейіннен қазақ мәдениетінде жалғасын тапты. Жылқы-күс, таутеке-күс бейнесінің қалыптаса бастауы кем дегенде ежелгі көшпелілер дәуірінің бастапқы кезеңінде байқалады. Ұлы даланың шығыс жақ бөлігіне тән белгілердің біріне – жаңа дәуір кейіпкері – сарбаздың кескінді бейнесі мен бұғытастар жатады.

Оларға салынған бұғы бейнелерінде белгілі бір мағына бар. Құрбандыққа шалынайын деп тұрған бұғы бейнесіне өліп бара жатқан және қайта тіріліп келе жатқан күдірет туралы түсінік көрініс табуы мүмкін. Бұғының басты атрибуты ретінде өмір бәйтерегі саналатын мүйізді айтамыз. Әлемдік бәйтерек жайлы түсінікпен бұғытастарда бейнелері кейде ғана кездесетін жылқының бейнесі де байланысты екенін айта кету керек.

Осы кезеңнің өзінше бір нышаны саналған құс тұмсығы тәрізді танауы бар бұғы мүсінінде құс тәрізді, қанатты бейненің болмысы орын алған. Шындап келгенде, біздің алдымызда қияли тіршілік иесі – құс-бұғы-жылқы тұр. Үндіеуропа мифологиясында бұғы мен ат психопомп жануарлар – адам жанын өзге әлемге тасымалдаушылар болып табылады. Тастарға қашап салынған бұғы бейнелері «табыну әрекеттерін орындайтын, дұғалар мен құрбандықтарды құдайға жеткізуге жәрдем беретін, сондай-ақ өлген адамдардың жанын өзге әлемге өткізетін» адамдарға көмекші-рух ретінде көрінген, өйткені белгілі бір салт-ғұрыптық әрекеттерді орындау кезінде бұл бейнелер күдіретті дүниемен қатынас жасаудағы аралық көпір қызметін атқара алатын. Бұғытаста суреті салынған жыртқыш аңды «құрбандық шалу құралы» деп қарастыруға болады. Тұяқтылардан бұғылардан басқа таутекелердің («аяғының ұшымен жүрген») және жылқылардың суреттері салынуы мүмкін еді (Килуновская М.Е., Семенов В.А., 1999, с. 137-139).

Жерленген адамдардың бас киімдері мен тұтас киімдеріндегі аң бейнелерінің орналасу топографиясы бұл сюжеттік композициялардың көшпенділер әлемінің көрнекі тік қимасы болып табылғандығын білдірді. Өзге мәдени дәстүрлер бас киіміндегі мән-мағынасы жағынан осыған ұқсас композициялар (Хохлач обасындағы ағаштар, бұғылар, текелер мен құстар; Усть-Лаба обасындағы құстар қонған ағаш пен таутекелер; Тиллятепе) дүниенің құрылымын көрсететін.


Теллятепедегі қабірден алынған, бір орталық және төрт бүйірдегі ағаштан тұратын тәждің безендірілуі космогониялық үлгіні танытады. Тұтастай алғанда, ескерткішті зерттеушінің пайымдауынша, тәж құнарлылық және жаңару идеясын жеткізеді. Жалпы бактрия өнерінде гректер, бактриялықтар мен неғұрлым бағалы үлес қосқан көшпенділер мәдениеттерінің синтезі байқалады (Сарианиди В.И., 1989, с. 144, 159).

Жетісу – сақ заманында ерте мемлекеттік құрылымның саяси, әкімшілік және діни орталығының бірі (мүмкін, тайпалар одағының немесе ірі тайпаның орталығы) болған аймақ. Өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан, Еуразия даласының ұлы белдеуінің ұқсас ескерткіштері аймақтың өзге де орталықтармен өзара тығыз байланыста болғандығын және оның жалпы еуразиялық көшпелі мәдени кеңістікке кіргендігін көрсетеді.

Ортақ идеология мен мифологиялық түсініктерден басқа осы бірлікті көрсететін ұқсас бейнелеу ескерткіштер ашылған еді.

Еуразияның таулы-алқапты және далалық аймағында б.з.д. I мыңжылдыққа жататын «алтын адамның» бірнеше қабірі белгілі. Ежелгі қоғамның осы өкілдерінің киіміндегі алтынның көптігінен басқа, киім элементтерінің топографиясы мен зооморфтық бейнелердің тандалуында (бестиарий) терең нышандық сипат аңғарылады. Оларды сараптау алғашқы қоғамда бақсының немесе ғұрыптық қызметшінің және патшаның киімдеріне салынған мағына өзара ұқсас болған деген тезисті растайды. Сақ қоғамында елбасы діни және қоғамдық, сонымен қатар әскери қызметтерді де қоса

- Таудың шыңдарын бейнелеген тісті тілімшелер
- Изображения горных вершин. Элемент декора головного убора
- Mountain tops image. The element of headdress decor





■ Бас киймдегі мөңді композицияға үйлесім берер барыс бейнелері

■ Фрагмент композиции головного убора в виде изображений барсов

■ The fragment of headdress composition in the shape of Leopard image





- Бас киімді сәндей үлгісі. Тау шыңындағы қанатты барыстар
- Декор головного убора в виде композиции с изображением крылатых барсов на фоне гор. Фрагмент
- The decor of headdress in the shape of compositions depicting a winged snow leopard on a background of mountains. Fragment



атқарғаны мәлім. Зерттеушілердің пікірі бір жерден шықты: Есік падишасы тіршілігінде екі әлеуметтік рөлді қоса атқарған. Ол тайпаның әскери қолбасшы бола тұрып, абыз-бақсының міндетін орындаған (Лелеков Л.А., 1987, с. 27).

Ә.К. Ақышев тұтастай алтын жапсырмалармен көмкерілген есік адамының шекпені ауыр қаруланған салт аттының сауыты – катафрактмен ұқсастырылады деген тұжырым жасады. Ежелгі қоғамдағы ел басының рөлін ескерсек, есік адамының киімі қоғамды қорғауды қамтамасыз ететін ғұрыптарда символикалық сипатқа ие болады. Көсем жауынгер күн құдайы ретінде көрінетін (Ақишев А., 1984, с. 121-127). Есік әскери және ел басшысы сақ тайпалары тобының діні мен идеологиясының қасиетті қорғаушысы ретінде де саналды.

Толық жабдықталған, бес қарулы жауынгер жебеуші қаһарман, ер баба, көсем батыр, эпостық көшпелі жауынгердің кемел бейнесін сомдаған «мәңгілік даңқтың» иесі ретінде көрінді (Юматов К.В., 1998).

Сондай «алтын адамдардың» киімдерінде, қару-жарақтары мен жылқы әбзелдерін әзірлеп, безендіруде алтын көптеп қолданылған.

Алтын «жойылмайтын материал» ретінде «мәңгілік, ажалсыздық, құдіреттілік» идеясын білдірді.

Ә. Ақышевтің пайымдауынша, «қызыл», «сары» және «алтын» түсініктері Күнге табыну терминологиясына кірген. Бұл түстер әр әлеуметтік топтың (хандардың, шонжарлар мен абыздардың, жоғары әскери қауымның, қатардағы тұрғындардың) түс таңдауында кеңінен орын алған (Ақишев А.К., 1984, с. 132). Есіктен табылған адам киіміндегі түс нышандары оның Күн-абыз-елбасы ретіндегі сипатын одан әрі айшықтай түсті. Киімінде ақ-көк-қызыл түстердің үйлесім табуы, С.А. Яценконың ойынша, дүние жаратылысының үш қабатының (үстіңгі, ортаңғы және астыңғы) және соған сәйкес үш негізгі таптың да белгілері болғандығымен түсіндіріледі (Яценко С.А., 2010).

Ежелгі адамдардың түсінігінде көп алтынмен сәндеуді қолдану осы алтын әшекейлі киім киінгендердің мәңгілік өмірге өнуіне жақсы ықпал ететін болған. Ежелгі өркениетті жасаушылардың санасында алтын мен Күннің құрама байланысы болған. Ол белгілі бір әлеуметтік топқа тиесілі тұлғалардың алтыннан жасалған киімдерінен анық байқалады. Зерттеуші Л.А. Лелековтың пікірінше, бұл идеялық-нышандық кешеннің материалдық

- *Есік падишасы басқимінің негізгі элементі – қос қанатты, таутеке мүйізді жылқы. Бұл бейне тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік нышанына енген*
- *Центральный элемент головного убора иссыкского вождя – мифические существа, крылатые кони-козероги - образы, вошедшие в государственную символику независимого Казахстана*
- *The central element of the Essik leader headdress - mythical creatures, winged horses, goats - images those are included in the national symbols of Independent Kazakhstan*



түрде жүзеге асырылуы дәл скиф-сақ тайпа басшыларының аса бай қабірлерінен көрініс тапты (Лелеков Л.А., 1987).

Еуразияның далалық белдеуіндегі б.з.д. 1 мыңжылдыққа жататын обалардан табылған «алтын адамдардың» ежелгі өнер ескерткіштері, киімдері мен жерлеу рәсімдеріндегі ұқсастықтар бай жерлеулердің жерлеу-ғұрыптық рәсімінде неғұрлым жарқын көрініс табатын мифтік-ғұрыптық кешеннің негізгі сипаттарын көрсетеді. Мысалы, Алтайдағы Пазырық мәдениетімен арадағы айқын ұқсастықтарға қоса, зерттеушілер қазіргі Қазақстанның, Алтайдың таулары мен алқаптарын мекен еткен тайпалардың арасындағы байланыс аймағында орналасқан Локоть-4а ескерткішінің материалдарымен де ұқсастықтар тауып отыр. Бұл жерде б.з.д. 7 ғасырдың өзінде-ақ далалықтардың «Қазақстаннан Алтайға және одан ары қарай Обь өзені мен Алтай тауларын жағалай алыс солтүстікке» қозғалғаны анықталған (Шульга П.И., 2003, с. 120). «Локтевтықтар» Жетісудағы туысқан елмен тығыз байланысын үзбеген. Археологтардың бұл тұжырымдарын антропологтардың деректері растайды. Локоть-4а қорымын қалдырған жұрттың этногенетикалық байланыстарының неғұрлым мүмкін бағыты Таулы Алтайдың пазырық мәдениеті және Қазақстан мен Орта Азия сақтары болып табылады. Алайдың солтүстік-батыс тау бөктері

б.з.д. 5-3 ғасырларда пазырық, каменьдік және «сақ» мәдениеттері арасындағы араласу аумағы болып қала берді. Атап айтқанда, Локоть 4а, Есік пен Оңтүстік-Шығыс Алтай обаларында жерленгендердің киімі мен бас киімінің құрылымы мен безендірілуінде ұқсастықтар байқалады. Соның ішінде № 9 обаның № 1 қабірінде табылған бас киім күйрықты грифонның бұғы мүсінімен ұстасқан күйде бейнеленген суретімен безендірілген (Шульга П.И., 2003, с. 73, 76).

П.И. Шульга пішіні белгілі бір қағидаға сәйкес тігілетін, қайтыс болған адамның мәртебесін көрсетуі мүмкін киім болған деген тоқтамға келді. «Бұл өз қызметтерін тайпа деңгейінде (Есік), сондай-ақ шағын туысқандар тобы деңгейінде де (Локоть-4а) жүзеге асыра алатын мәртебеге ие діни қызметшінің міндеттерімен байланысты болуы ықтимал» (Шульга П.И., 2003, с. 85).

Табиғи-климаттық және ландшафтылық, мәдени-шаруашылық типтері, жер-





■ *Елтаңбада бейнеленген таутеке мүйізді, қанатты қос жылқы мүсіндері де бас киімнің бірден-бір композициясы*

■ *Элемент композиции головного убора в виде изображений протом крылатых коней, увенчанных рогами тау теке*

■ *The element of headdress compositions in the shape of protomes image of winged horses, crowned with a mountain goat horns*



леу құрылымдарының түрлері, тұрғындардың антропологиялық типі сынды факторлар мен олардың түбегейлі ұқсастықтарын саралай келе, зерттеушілер К.А. Ақышев және Ә.К. Ақышев, Жетісу, Шығыс Қазақстан, Алтай, Тыва, оған қоса Минусин қазаншұңқыры, Солтүстік Қырғызстан мен Ыстықкөл маңының кейбір бөліктерін қамтитын «тау белдеулеріндегі» сақ мәдениеттері өзара жақын деген тұжырым жасады. «Тау белдеуі» Орталық Азия және Арал маңымен тығыз байланыста болған, ерекше географиялық, экологиялық және этномәдени аймақ ретінде ерекшеленіп тұрады (Ақишев К., Ақишев А., 1997, с. 36).

Бұл тұжырымды жанама түрде растайтын факторлардың бірі Тывадағы Аржан-2 «патша» обасының материалдары екені анық.

Уақыт айырмашылығына қарамастан (Аржан-2 б.з.д. 7 ғасырдың соңына жатқызылады), бұл жерде діни және идеологиялық ортақ негізді киім безендіру элементтерін көруге болады. Киім элементтерінің орналасу жүйесі мен безендірілуі қатаң тәртіпке бағынған. Осы ескерткіш туралы да бір-екі ауыз сөз айта кеткен жөн. Үйіндісінің диаметрі 80 м, биіктігі 2 м болатын Аржан-2 обасы көптеген дөңгелек қоршаулар мен ғұрыптық кешендермен қоршалған. Обаны ертеде тонамақ болған көптеген талпыныстар мен кейінгі кездердегі қиратуларға қарамастан, кешенмен тікелей байланысты жерлеу орындарының сол қалпында сақталуы үлкен сәттілік болды: негізгі қабір орталықтан солтүстік-батыс шетіне қарай жылжып кеткен екен. Сонымен қатар археологтар 17 адамға арналған 11 қабірді, 14 жылқы жерленген қабір мен ат әбзелдері сақталған екі кешенді зерттеді.

Обаның негізгі жерлеуі мола шұңқырына орналастырылған қарағайдан жасалған қос кимада жасалған. Скиф-сақтардың аң стилінде жасалған көптеген бұйымдар табылды, олардың көп бөлігі алтыннан жасалған.

Адамның жанына қойылған қару-жарақтар темірден жасалған. Қылыш, семсер, қанжар мен жебенің ұштары алтын оюлармен өрнектелген (Сугунов К.В., Parzinger Н., Nagler А., 2010). Бізді қызықтыратын атрибуттар ішінен бас киімнің безендіру элементтерін атап өтсек болады. «Патша» қабіріне ер (1) мен әйел адам (2) қойылыпты. Бірінші мүрде маңынан табылған алтын пластинадан жасалған, эмальді бұғы мүсіні бас киімнің ұшына қондырылған (Сугунов К.В., Parzinger Н., Nagler А., 2010, tafel. 1, 1; 33, 1). Тұяқты жануардың иілген шеттері жыртқыш құстың басына ұқсатып жасалған. Ер адамның бас киімінен жылқы мүсіні түріндегі алтын жапсырмалар да сақталған. Төрт жылқы мүсіні (екі-екіден оң және сол жақта) ер адамның бас киімінің екі жағында симметриялы түрде орналасқан болуы ықтимал (Сугунов К.В., Parzinger Н., Nagler А., 2010, tafel. 1, 2; 2, 1-3; 33, 5). Жылқылардың әрқайсысының арқасында бір-бірден шағын иілген



■ Бас киімнің жоғарғы ұшына бекітілген арқардың мүсіні

■ Наверху головного убора – кулаха в виде фигурки архара

■ The top of headdress in the shape of an arkhar statuette

- *Көккө самғаган қанатты пырақ*
- *Декор головного убора. Деталь*
- *Headdress decor. Detail*





- Орнекті алтын кіші тілімшелер
- Элемент головного убора в виде фигурной миниатюрной пластины
- The elements of a headdress in the shape of a decorative miniature plate



- Бас киімінің сәндік бөлішегі. Бейнелі алтын тілімшелер
- Элементы декора головного убора в виде фигурных пластин
- The elements of headdress decor in the shape of figured plates

шошақ бар, ол жалының біткен жерін білдіретін болса керек. Ер адамның бас киіміне мысық тұқымдас жыртқыштың алтыннан құйылған мүсіні де тиесілі. Патшаның мойнында ертекөшпелілердің аң стилінде жасалған алтын әшекей болды. Нақты аң стилімен безендірілген алтыннан жасалған мойын әшекейлері қоғамда ерекше орын алатын, әскери тапқа, көшпелілер элитасына қатысы бар адамды белгілейтін маркер рөлін атқаруы әбден мүмкін (Боковенко Н.А., 2001).

Бұл ауыр алтын мойын әшекейінің (Cugunov K.V., Parzinger H., Nagler A., 2010, tafel 37, 5; 42; 43) беткі жағы түгелімен оюлы бедермен көмкерілген. Сурет жануарлардың төрт қатардан тұруынан құралады, олардың ішінде – екі өркешті түйелер, жабайы қабандар, жүгендеулі жылқылар, таутекелер, үлкен мысық тұқымдас жыртқыштар, бұғылар бар (Cugunov K.V., Parzinger H., Nagler A., 2010, tafel 4, 3-5; 36, 3-12). Мойын әшекейінің үлкен бөлігін оның алдыңғы бөлігі – салмақты кесегі құрайды (Cugunov K.V., Parzinger H., Nagler A., 2010, tafel 3; 4, 2, 4; 35; 36, 1,2), оның жоғарғы және алдыңғы шеттеріне мысық тұқымдас жыртқыштардың мүсіндері дәнекерленген. Мойын әшекейінің жалпы көрінісі қазба жұмыстарын жүргізушілерге бұйымның ұзақ уақыт бойы пайдаланылғандығы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік берді. Адам оны бұ тіршілігінде тағып жүрген, кейбір өзге бұйымдардан ерекшелігі оның жерлеу рәсімі үшін арнайы жасалмағандығы.

Әйел адамның мүрдесінің жанынан бас киім элементтері – сәнді таспалар, жылқы мүсінді жапсырмалар (Cugunov K.V., Parzinger H., Nagler A., 2010, tafel 54, 1, 2; 73,1-3); мысық тұқымдас жыртқыш түріндегі жапсырмалар (Cugunov K.V., Parzinger H., Nagler A., 2010, tafel 59; 75) және басқалары табылды. Сонымен қоса, бас киімге қадалатын екі ауыр алтын шаш түйреуіші де бар (Cugunov K.V., Parzinger H., Nagler A., 2010, tafel 37, 52, 53; 57; 58). Түйреуіштердің бірінің «тұяғының ұшымен тұрған» бұғы мүсіні түрінде жасалған сабы бар (Cugunov K.V., Parzinger H., Nagler A., 2010, tafel 56, 1, 2; 74, 2).

Аталған мысалдардан көріп отырғанымыздай, жауынгер-көсемнің бас киімінде жылқы, бұғы, сонымен қатар мысық тұқымдас жыртқыш бейнелерінің орналасуы Есік обасынан да ертерек кезеңге жататын ежелгі дәстүр болып табылады.

Бөрікке орналастырылған мысық тұқымдас жыртқыштар, таутеке бейнелерін біріктіретін образдар семантикасы скиф-сақ дүниесіне жататын өзге аймақтардағы обалардан табылған бұйымдардың мәнін ашуға мүмкіндік береді. Тұяқты 1 обасынан алынған жылқы маскасындағы таутекенің мүйізіне орнатылған барыс бейнелері (Руденко С.И., 1960, табл. LXXII) мысық тұқымдастар бейнесінің екі түрлі мағынасын береді. Олар ең алдымен хтоникалық мәні бар жыртқыштар болғанымен, олардың бас киімге таутекелер бейнелерімен қатар орналастырылуы біраз өзгешеліктер енгізеді.

Тек нақты ұқсас кешендерде ғана емес, сонымен бірге белгілі бір дәстүрлерге сай тігілген киімнің жекелеген элементтерінде де әр аймақтардағы тұрғындар мәдениетінің жақындығы байқалады. Мысалы, «күстүмсығы пішіндес» бас киімнен алынған мүсінді пластина (Акишев К.А., 1974, с. 28, табл. 11). Ол бүркіт грифоны ретінде стильденген болуы мүмкін, жіңішке өткір имек түмсығы, балсірісі бар ірі көзі, артқа қарай қайтарылған айдары байқалады, спираль тәрізді орамасы бар құлақ жасалған. Бұл бейне скиф-сақ дүниесінде кең таралған, қолданылу жиілігі мен стилистикалық алуан түрлілігіне қарағанда – Алтайдағы ежелгі көшпелілердің сүйікті бейнесі болған тәрізді.

Укок ескерткіштеріндегі жылқы әбзелдерінің безендірілуінің кейбір элементтерімен арасында жақсы бейнелік ұқсастықтар байқалады (Полосьмак Н.В., 2001, 54 сурет).

Стильденген грифон басты бейнелерді сараптай келе П.И. Шульга, өзі бөліп көрсеткен осындай бейне түрлері көптеген көрсеткіштері бойынша жақын Екінші Пазырық пен Есік обасында бар екендігін атап айтады. Локотытан табылған бас киімдегі грифон басты өсімдік мотивтеріне ұқсастық Пазырықтың № 3 және № 5 обалары мен Есікте де бар. Онда грифондардың «құстұмсықтәріздес және тырнақтәріздес» өзге де нұсқалары байқалады (Шульга П.И., 2003, с. 78-79).

Скиф-сақ әлемі ескерткіштерінің жаңа археологиялық ашылулары бұрыннан белгілі мәдени байланыстар салаларын толықтырып отыр. Мәселен, Есіктен алынған материалдар бүгінде Филипповка (Оңтүстік Орал және Төменгі Поволжье, Орынбор облысы) обаларының мерзімін анықтау үшін бағдар болуда. Онда ұқсас қылыштар, гриф басты, жиырылып жатқан жыртқыштың бейнесі бар қанжар, айна және белбеу тоғалары болды. Бұл ескерткіш б.з.д. 5 ғасырмен мерзімделді (Уманский А.П., Шамшин А.Б., Шульга П.И., 2005, с. 76).

Топтаудан өзге, қару-жарақ бұйымдарының безендірілуінде де мынадай ұқсастықтар байқалады: Филипповканың № 1 обасынан табылған қысқа темір қылыш-акинақтың жүзі мен сабының бойындағы орталық сызық алтынмен қапталған грифон басын дәнекерлеу арқылы сәнделген. Сабының темір өзегі мен жүзінің жоғарғы бөлігі жылан тәрізді алтын толқынды сызықтармен әшекейленген (Золотые олени..., кат. 7). Қылышты сабын алтын сыммен орау арқылы безендіру (Есік обасындағыдай) қатты стильденген, алға қарай созылған тарам-тарам мүйізі бар бұғының бастары болып табылады (Золотые олени..., кат. 6).

Есіктен табылған темір қанжардың жүзінің бойымен жануарлар (жылан, түлкі, қоян, барыс, тауешкі, доңыз, қасқыр, арқар, жолбарыс, елік) бейнеленген алтын пластиналар жүргізілген (Акишев К.А., 1974, с. 29, 104, 105). Екі қанжардың да сабының ұшы бүркіт басы түрінде нақышталған.

Тұтастай алғанда, зерттеушілер Филипповка қорымын шығу тегі бойынша сақ-массагет шеңберіне жататын тайпалармен байланысты, өзіндік ерекшеліктері бар көшпелілер мәдениеті ретінде қарастырады. «Оңтүстік Орал, Батыс Сібір және Орта Азияның скиф кезеңінің ескерткіштері мәліметтерінің ортақтығы тек мәдени байланыстар немесе оңтүстік және оңтүстік-шығыс тайпалар тарапынан болған кейбір этникалық қосылуларды ғана емес, оңтүстік орал көшпелілерінің сақ-массагет әлемімен тікелей генетикалық байланыста болғандығын айғақтайды (Пшеничнюк А.Х., 2001, с. 37). Филипповка обаларынан алынған антропологиялық материалдардың Қазақстан сақтары мен Шығыс Қазақстандық үйсіндердің бас сүйектерімен ұқсастықтары басым. Филипповка обаларында жерленген адамдардың бас сүйегі мен бет сүйектерінің түзілуінің Оралдың ар жағындағы савроматтар мен Оңтүстік Орал маңындағы ерте сарматтармен жақындығы негізінде, олардың Арал маңы мен Жетісудың сақ-массагет тайпаларымен тығыз байланысты нәсілдік шығу тектерінің ортақтығы жөнінде тұжырым жасайды (Юсупов Р.М., 2001).

Жоғарыда атап өтілген Аржан-2 обасындағы темір қанжардың сабының беті, оның шет жақтарын қоса толықтай, жүзіндегі нервюра және оның бүйірлеріндегі қанағарлары да селдір алтын оюмен өрнектелген. Сабы мен нервюрасында аңдардың қырынан салынған мүсіндері де өрнек құрайды. Жар-

тылай бұратылып жатқан жолбарыстардың жұп бейнелері балдақтың жетесі мен сабының ұшында орналасқан. Олардың арасында бұйымның астынан үстіне дейін түгел өн бойында жануарлардың тұтас бір қатары бейнеленген: жыртқыш (жолбарыс) пен тұяқты жануардың суреттері кезектесіп келеді. Қанжар балдағының жетесі мен сабының ұшы жыртқыштар мен тұяқты жануарлар кезектесіп бейнеленген алтын пластиналармен көмкерілген. Аржан-2 обасынан алынған пышақтың сабы барлық жағынан алтын тілімшелермен көмкерілген. Сабының ұшы мен шеткі қырлары, қарама-қарсы



жақтарға қайтарылуы кезектесіп келіп отыратын, от жалыны тәрізді фигуралармен безендірілген. Сабының тегіс жалпақ бөлігіне салынған зер бедерлі болып келген. Зердің композициясы ою және зооморфтық сарындардың кезектесіп келуімен сипатталады. Ою спираль тәрізді шиыршықтармен араласа келген және олардан таралып отыратын жалын тілі тәрізді фигураларды қамтиды. Оюлы қатарлардың арасына бейнеленген жануарлардың мүсіндері шекті стильге келтірілген. Жарияланым авторлары барлық жерде қошқарлар бейнеленген деп пайымдайды (Сугуннов К.В., Parzinger H., Nagler A., 2010, Taf. 10,1; 11,1; 41,1).

Ұқсастықтары бойынша сабының түбі мен жүзі алтын толқынды сызықтармен зерленген Филипповка қанжарында тек толқынды немесе от жалыны тәрізді

- *Таутеке мүсінді бас киім әшекейі*
- *Фрагмент композициясының басты элементі - таутеке*
- *The headdress decor. Detail*



- Баскиімнің сәнді бөлігі. Құлағы шұңтқан, тік қарғыған, жалды «айғыр» бейнелі әшекейлер
- Изображения коней. Элемент декора головного убора
- The horse images. The elements of a headdress decor



- Бас киімнің қанат тәрізді бейнелі әшекейлері
- Изображения крыльев. Элемент декора головного убора
- Wings images. The element of headdress decor



мүсіндер ғана емес, стильденген мүйіздер, жолбарыс терісіне ұқсас бейне кескінделген деп болжам жасай аламыз. Арал маңындағы Түгіскен қорымының № 53 обасынан табылған ерте сақ дәуіріне жататын темір қылыш та жүзінің орта бойымен қасқырлар шеруі бедерленген алтын фольгамен көмкерілген (Итина М.А., Яблонский Л.Т., 1997, 44, 5, 6 суреттер).

Есік обасынан алынған қылыштың сабына және сабы мен жүзі жалғасатын тұсына салынған зер одан сәл кейінірек уақытқа жататын, Краснодар өлкесіндегі Зубовский хутор № 1 обасынан (б.з.д. 1 ғ. – б.з. 1 ғ.) алынған темір қылыштың сабына және сабы мен жүзі жалғасатын тұсына салынған стильге келтірілген оюмен үндесіп жатыр (Золотые олени..., кат. 146).

Ұқсастықтарды жалғастыра беруге болатын шығар. Олар Еуразияның алқаптық және далалық аймағындағы б.з.д. 1 мыңжылдықтағы көшпелілер өркениетінің ішкі біртұтастығын, тұрақты өзара байланыстардың бар екендігін, идеялар мен технологиялардың көшпелілігін көрсетеді. Дәстүрлердің дамуын салтанатты қарудан – Тиллятепе 4 қабірінен ашылған алтын сабы бар, алтын қынға салынған темір қанжардан да көруге болады. Қыны өсімдік тектес өрнектермен және жануарлардың айқасу көріністерімен безендірілген. Осы қабірден алтын белбеу де табылды (Сарианиди В.И., 1989, с. 91-96).

Есіктен табылған адам киімінде қолданылған бейнелердің мағынасын түсіну үшін еуразияның далалық белдеуінің шығыс жақ бөлігінің ерте скиф дәуіріне жататын ескерткіштерінің материалдары қызықты болып табылады. Оларда таутеке-жылқы бейнесінің толығы бастауларын қадағалауға болады. Шығыс Қазақстандағы Бәйгетөбе (Шілікті) обасында әшекейлер екі композицияда орналасты. Ортасында құсы бар екі таутеке бейнесі және жоғары ұмтылған мүйізі бар екі бұғы бейнесі. Олар айналы симметрия принципі бойынша ұйымдастырылған және таутеке мен құс образдарының байланысын жақсы көрсетеді (б.з.д. 7 ғ.) (Төлөубаев А.Т., 2011). Стильге келтірілуі Аржан-2 обасынан (б.з.д. 7 ғ. аяғы) және Филипповкадан (б.з.д. 7 ғ. аяғы) алынған бұғы басының бейнелену тәсіліне ұқсас, онда тіктеле келген мүйіздері бар бейнелер кездеседі. Жақында ғана Сарыарқа жерінен ашылған Талды-2 қорымындағы № 5 обадан (б.з.д. 7-6 ғғ.) алтын фольгадан қиып жасалған осындай бейне табылған болатын (Бейсенов А.З., 2011).

Осындай әшекей Алматы облысының жерінен табылған Жалаулы көмбесінде (б.з.д. 7 ғ. соңы) бар. Екі тұяқты жануар мен ортасында құс бейнеленген композицияда бұғы бейнесінің қолданылуы ерте сақ тайпаларының діни көзқарастарының өзара ұқсастықта болғандығы мен құс, бұғы мен тауешкі бейнелерінің ауыспалы келетіндігін дәлелдейді.

Бәйгетөбеден алынған жапсырманың негізі болған композицияны қазба жұмыстарының авторы Ә.Т. Төлөубаев шартты түрде екі таутеке мен олардың ортасында орналасқан құс бейнелерінен құралған мысық тұқымдас жыртқыштың «бетпердесі» деп атайды. Жалпылай алғанда ол Алтайдағы Пазырық мәдениетіне жататын обалардағы екі бүркіт грифонның қырынан тұрған сұлбасынан құралған композицияға өте ұқсас (Руденко С.И., 1960, 146, г сурет). Қазіргі таңда мамандар ерте сақ дәуірінде синкретті бейнелерді қолдану әзірше кеңінен таралмаған деген тұжырымға саяды. Біртұтас бейненің дамуының бір желісі жаңа жинақталған тіршілік иесі – құлағы, мүйізі мен айдары бар бүркіт грифон, сонымен қатар тұяқты жануар мен құстың сипаттары біріктіретін бейне осындай композициялардан бастау алады деп болжам жасауға болады.

Иконографиясына қарағанда, Жалаулы, Шілікті және Талды әшекейлері



- *Сырт кийимнің тікпелі әшекейлері*
- *Нашивные бляшки. Элементы костюма*
- *A sewn on plaque. Elements of the costume*



композициясындағы бейне жыртқыш емес, жай құс болса керек. Сондықтан композициясының пазырық мәдениеті ескерткіштеріндегі біріктірілген құстұмсық басты бұғылардың бейнесінен бөлек мән-мағынасы бар деп шамалауға болады. Соңғыларын зерттеушілер жыртқыш аңдардың тұяқты жануарларды «ізгі ниетпен талауы» сюжетінің көрініс табуы деп түсінеді (Черемисин Д.В., 2008, с. 100).

Мүйізі мен қанаттары бүркіт грифондардың бастарымен аяқталатын, жатқан бұғы түріндегі жапсырма әшекейлер (Акишев К.А., 1974, кат. 19, с. 100) Солтүстік Қытай, Тыва, пазырық мәдениетіне жататын ескерткіштердегі жыртқыш аңдар мен тұяқты жануарлардың сипаттарын біріктіретін құс тұмсықбастылар және өзге де қияли тіршілік иелерінің белгілі бейнелерімен үндесіп жатады. Оларда өмір деген – туу мен өлудің мәңгілік циклі деген ой берілген деп есептеледі. Ол түрліше жеткізіледі: айқасу көрінісінде, тұяқты жануардың басы жыртқыш аңның аузында тұрғанын бейнелеуде, бір бейнеде түрлі жануарлар сипаттарының біріктірілуінде. Бұндай келбетті синкретті тіршілік иелері тұяқты жануардың тұлғасы, құс тұмсықты танауы және бұғының мүйізі, көп жағдайларда грифон бастары бар; мысық тұқымдас жыртқыштың тұлғасы мен танауы және мүйізі бар (мүйізді жолбарыс); жылқының тұлғасы, құс тұмсықты танауы және құйрығының ұшында құстың басы бар жануар түрінде бейнеленген. «Грифонның бұғыны талап жеуі сюжетін бейнелеу нұсқаларының бірі ретінде пазырық өнерінде «құстұмсықбасты» бұғының немесе бұғы денелі және мүйізді грифонның полиморфты бейнесі қолданылатын» (Черемисин Д.В., 2008, с. 104).

Бұғының белдіктің жапсырма тоғаларында бейнеленуінің де үлкен маңызы бар. Қияли тіршілік иесінің суретімен зерленген алтын белбеуде екі бұйымның – табиғат әлемі (алтын) және мәдениет дүниесі (белбеу) өкілдерінің семиотикалық мәнінің қосылуы жүзеге асқан (Добжанский В.Н., 1990, с. 50). Алтын патша билігімен астасады. Белдікті жасауда алтын пайдаланылса, оның таңбалық қызметі мен семиотикалық қасиеттері бірінші кезекте алтынның символикасы арқылы көрінеді деп есептелінеді. Жалпы, белдік биліктің, әскери ерліктің және әлеуметтік дәреженің белгісі, сонымен қатар биліктің басты атрибуты (Добжанский В.Н., 1990, с. 51).

Ерте көшпелілер дәуірі – соғыс рухы үстемдік құрған, тайпааралық күрестер, жер бөлісу үшін болатын соғыстар ушыққан, мал мен жайылымдарды қорғау қажеттілігі туындаған, Еуразияның таулы-далалы аймағындағы тұрғындардың көшіп-қонуы артқан уақыт болатын. Осының бәрі ерекше жаңа – әскери әлеуметтік құрылымның бөлініп шығуына, әскери іске және әскери атрибуттарға киелі қасиеттер дарытылуына алып келді. Бұл, негізінен, әскери белдіктер мен қару-жарақ бұйымдарын бұғытастардың бетіне бейнелеуден көрінеді. Ол әскери тапқа тиесілілікті білдіріп, соғыстың белгісі ретінде көрінетін (Добжанский В.Н., 1990, с. 63). Осы кезеңдерде белдік тұмар қызметін жоғалтпауының мәні зор.

Жетісудың сақ ескерткіштері Алтай (пазырық мәдениеті) ескерткіштеріне неғұрлым жақын. Бұл әсіресе бестиарийден және образдардың көркем сомдалуынан көрінеді. Есік обасынан табылған бұғы бейнелерінің стилистикасы осы жануардың Пазырық обаларындағы бейнелерімен өте ұқсас (Руденко С.И. 1960, 136, и, к суреттер): беті, иығы, құлағы, биік қабағы және аясы бар көзі ұқсас тәсілмен бөлініп көрсетілген.

Есік обасынан табылған жапсырма тоғадағы бұғы бейнесі (Акишев К.А., 1974, табл. 19, с. 100-101) маңызды кескіндеу элементтерін жеткізуде және



- Тұяқты жануар бейнеленген құрама белдіктің жапсырмасы
- Бляха-накладка наборного пояса, декорированная композицией из изображений копытных животных
- Plaque-lining movable belt, decorated with a composition of hoofed animals images





■ *Есік обасынан табылған адамның құрамалы белдігінің элементтері. Белдік көптеген ғасырлар бойы ел ағаларының, батырлардың міндетті атрибуты болып қала берді*

■ *Элементы наборного пояса из кургана Иссык. На протяжении многих столетий пояс оставался неизменным атрибутом вождя, воина, Героя*

■ *Elements of mosaic zone from Esik burial mound. For many centuries, belts are remained as an indispensable attribute of a leader, the warrior, the Hero*

■ Полиморфты жануар
бейнеленген құрама белдіктің
жапсырмасы

■ Бляха-накладка набор-
ного пояса, декорированная
композицией из изображений
фантастических существ

■ *Plaque-lining movable belt,
decorated with the composition
of fantastic animals images*





оларға мән беруде Филипповкадан табылған ағаш құмыраның көмкерілген жиегіне салынған бұғы суретімен үндесіп жатыр (Золотые олени..., кат. 44, 32, 31 және т.б.): шоқша сақалының бөлініп көрсетілуі, грифон басы түрінде аяқталатын мүйіздері, композициядағы S-тәрізді сызықтар.

Ежелгі көшпелілер кезеңіне тән тағы бір таңбалы бейне – қасқыр, оның суреттері Есік обасынан алынған шығыршыққа салынған. Көптеген зерттеушілер қасқыр бейнесінің ерлер әскери одақтарымен байланысты екенін бірауыздан айтады. Жас сарбаздарды қатарға қабылдау – «бөріге айналдыру» ғұрпы көптеген ежелгі қауымдастықтарда және кейіннен түркілерде кеңінен танымал болған. Бозбалаларды, жас сарбаздарды қатарға қабылдау рәсіміне сынақтар мен қиындықтар, ауылдардан алыста бөлек өмір сүру, жабайы аңды өлтіріп, етін жеп, қанын ішу, соның нәтижесінде, масайтатын немесе есірткілік (наркотикалық) дәрілерді пайдалану арқылы құдайға жанын арнаған, қорқу мен ауру дегенді білмейтін «берсеркер» жауынгерге айналуы, салттық билер және т.б. кіреді. Қатарға қабылдаудың қажетті сатыларының бірі – үйленбеген, жастары шамалас жас сарбаздардың топ құрып, жорыққа шығуы.

Есік жауынгерінің символикасы бойынша әр халықтардың аңыздары мен діндерінде қасқырдың жылқы және Күнмен байланыстылығы өзекті. Жерлеу рәсіміне қатысты қарасақ, қасқыр-төбет – жерасты әлемінің сақшысы, өлілер әлеміне апаратын, өлілер әлемі мен тірілер әлемі арасындағы делдал болып табылады. С.Ю. Гуцалов әскери культ пен идеологияны әскери элитамен (қолбасшылар мен жасақтар) байланыстырады, соңынан бұл идеяны көшпелі қоғамның негізгі бұқарасы жылдам меңгеріп алған. С.Ю. Гуцалов мұндай әскери-абыздық элита ретінде прохор мәдениеті құрамындағы «скиф» және «массагет» бұқарасын – Оңтүстік Орал далаларын «жаулаушыларды» белгілейді (Гуцалов С.Ю., 2005, с. 443-444). Осы көшпелілердің дүниетанымындағы маңызды рөлді әскери қауымдастықтардың жебеушісі, әскери даңқтың нышаны – Бөрі (төбет) орындады (Гуцалов С.Ю., 2005, с. 446). Бөрінің нышанды бейнесі түркі-моңғол эпосында жалғасын тапты, онда жасақтың қолбасшысы бөріге теңеледі, бөріден тарайтын есімдер белгілі, көшпелі жауынгерлер (бөрілер) отырықшы халықтарға (қойларға) қарсы қойылады (Кубарев В.Д., Черемисин Д.В., 1987).

Бөрі бейнесі савромат-сарматтарға көп тән болса керек. Бірақ скиф-сақ дүниесінің өзге де аймақтарында бұйымдарды безендіруде қасқыр бейнесі жиі қолданылады. I Петрдің атақты Сібір топтамасындағы бұйымдар арасынан танауын көкке шүйіріп тұрған бөрі бейнелері байқалған.

Көкке шүйірілген, ұлғайтылған танау – ерте темір дәуіріндегі бөрі бейнесіне тән сипат. Алайда, Есік бөрісінің бөліктерінің нақты көшірмесін кездестіру қиынға соғар. Есіктегі бейнеде оның танауы спираль тәрізді жоғары ширатылған. Домалақтау құлағы қасқырдан гөрі мысық тұқымдас жыртқыштарға тән. Ол бір мезетте қасқырдың үлкен қалқайған құлағын білдіреді және сонымен бірге оның дөңгелек және түбінде ширатылып тұрған пішіні қасқырға тән емес. Табандары нағыз жыртқыштікі. Өзіне тән тәсілмен тісін ақситып тұрғаны көрсетілген.

Ширатылып жатқан бөрі бейнесі ерте скиф дәуіріне жататын ескерткіштерде кездеседі. Бірақ стилистикалық тұрғыдан ширатылып жатқан жылқы, қасқыр, тігінен қойылған үш қасқырдың бастары бейнеленген тоғалар I Петрдің Сібір топтамасындағы жатқан қасқырдың бейнесіне жақын (Артамонов М.И., 1973, илл. 277-280). Олар жылқы әбзелдерінің элементтері болып табыла-

ды. Асыл тастар кондыруға арналған ұяшықтары бар. Есік жауынгерінің тағы бір маңызды ерекше белгісі – ұштарында мысық тұқымдас жыртқыш аңдардың бастары мүсінделген алтын мойын әшекейі. Мысық тұқымдас жыртқыштардың стилистикалық ұқсас бейнелері бар мойын әшекейлері де I Петрдің Сібір топтамасында бар (Артамонов М.И., 1973, илл. 218).

Мойын әшекейлері білезіктер сияқты көптеген мәдени дәстүрлерде биліктің белгісі, мәртебе нышаны қызметін орындаған (Балахванцев А.С., 2010, с. 117-118).


Мысық тұқымдас жыртқыштың бейнесі Есік адамының сырт киімін зерлеу үшін жақсы қолданылған. Бұл киім иесінің ғұрыптық қорғаныс қызметін атқаратыны айтылған болатын. Бүгінгі таңда бұл ежелгі көшпелілер мәдениетіндегі мысық тұқымдас бейненің киімді сәндеуде қолданылған жалғыз мысалы емес. Тывадағы Аржан-2 обасынан табылған аксүйек өкілі киімінің Қырым Алтынбеков жасаған қайта жаңғыртпасында оның бешпетінде мысықтұқымдас жыртқыш түріндегі жапсырмалардан құралған жолбарыс бейнесі жасалған (Алтынбеков К., Алтынбекова Д., 2010). Жақында Орталық Қазақстанда, Талды қорымында табылған олжалардың арасында да осыған ұқсас, киімнің көптеген жапсырмалары табылды (Бейсенов А.З., 2010; Бейсенов А.З., 2011). Көшпелі қоғамдағы жауынгер-көсем-абыз рөлінің маңыздылығын ескере отырып, бұл құбылыстан жолбарыс терісін жамылған батыр бейнесінің қалыптасуын көруге болады. «Шахнаме» қолжазбасының миниатюраларында Рүстем батырдың жолбарыс терісінен тігілген бешпетті киіп тұрғаны бейнеленген (Адамова А.Т., Гюзальян Л.Т., 1985, илл. 10, 11).

Ежелгі көшпелілердің мойын әшекейлеріндегі бөрі, барыс, грифон бейнелерінің қалпына келтіріліп отырған тең бірдей мәнділігі, зерттеушілердің пайымдауынша, табиғи қатынастардың әлеуметтік салаға көшірілуіне байланысты бейнелердің нышандық ұқсастығына тәуелді.

Сәйкесінше зерленген мойын әшекейі сынды атрибуттар идеалды батыр-жауынгер-баба бейнесінің сипаттарын өзекті ететін элементтер болып табылады (Черемисин Д.В., 2006, с. 327). Ол адамның киім кешенін толықтыра отырып, оның этностық, рулық, әлеуметтік, жастық және жыныстық және тағы да басқа тиістілігі туралы ақпаратты беретін.

Пазырық мәдениетіндегі зооморфтық бейнелерді сараптап шыққан Д.В. Черемисиннің тұжырымы бойынша, зооморфтық бейнелер жүйесі әлем көріністерінің манифестациясы қызметін атқарады (Черемисин Д.В., 2006, с. 327-328). Онда жоғарғы әлем құс бейнесінде, ортадағы әлем өкілдері тұяқтылар (бұғылар және түрлі жануарлардың сипаттары бар мүйізді шөпқоректілер – таутекенің мүйізі бар жылқылар) болып табылатын, ал төменгі әлемді мойынға тағылатын атрибуттардағы жыртқыштардың жұптасқан бейнелерінде белгіленген.

Скиф-сібір аң стиліндегі бейнелер мен сюжеттерді талқылауда жинақталған тәжірибе бөріктегі бейнелер мағынасының кейбір аспектілерін айқындауға мүмкіндік береді. Мысалы, жыртқыштар бейнелеріндегі құйрықтың орналасу ерекшеліктерін сараптап шығып, Ю.Б. Полидович құйрықтың төмен тұрғаны толықтай бейтарап немесе эмоциядан тыс күйді білдіретінін анықтаған (Полидович Ю.Б., 2002, с. 195). Сондай-ақ сәл көтеріліп немесе артқа қайтарылып тұрған құйрық та эмоциялық бейтарап күйді білдіреді (Полидович Ю.Б., 2002, с. 197). Құйрықтың артқы аяқтарының арасында немесе олардың үстінде (бір нұсқасы – құйрықтың арқаға «тасталынуы») орналасуы жануарлардың күшті эмоциялық ширығуымен байланысты болуы мүмкін (Полидович Ю.Б., 2002,





- Сары металл қаңылтырларын орау арқылы жасалатын әшекейлер беделді сақ киімінің жиі кездесетін сәндік элементі
- Трубочки, свернутые из листа благородного желтого металла, - часто встречаемый элемент декора костюма сакской знати
- Tubes rolled from a sheet of precious yellow metal – met as the elements of Sack's costume decoration nobles



с. 197). Тұлғасын артқа бұрып тұрған жыртқышты бейнелеу үшін құйрықтың орналасуы құрылым қалыптастыратын сипаттардың бірі болып табылады (Полидович Ю.Б., 2002, с. 201). Бөрікте түрлі күйдегі, соның ішінде күшті психологиялық ширығу үстіндегі барыстардың суреттері орналасқан.

Есік – Жетісудың жүздеген элитарлық обаларының бірі ғана. К. Ақышев Солтүстік Тянь-Шань аумағын зерттеу негізінде шартты түрде обалар шоғырланған 6 шағын ауданды бөліп көрсетеді. Шектеулі аймақта өте көп элитарлық обалардың шоғырлануы – Орталық Азия үшін феноменальды құбылыс. Қазақстан археологиясының негізін қалаушы ғалымның ойынша, осыншама ірі обалардың бір жерде шоғырлануы неғұрлым жоғары деңгейде дамыған әлеумет пен оның билік құрылымдары, қатаң ұйымдастырылған әскери-саяси жүйе мен бұқараның діни-идеологиялық догмаларға жаппай бас қойған жағдайында ғана мүмкін екендігін атап өтеді. Экономикалық алғышарттар (екіқұрылымды өзін-өзі қамтамасыз етуші шаруашылық, қуатты металлургиялық өндіріс, Далалық Жібек жолында сауда жасау, сауда жолдарындағы бақылау, жорықтар кезіндегі әскери олжа түсімдері) да маңызды рөл атқарады (Ақишев К.А., 1994, с. 11).

Аймақтағы сақтар қоғамы дамуының жоғары деңгейі көрсеткіштерінің бірі Есік обасынан табылған күміс кесеге салынған жазбаша таңбалар болып табылады. Мамандардың пікірінше, таңба ежелгі үнділердің кхароштни жазуының негізінде жасалған немесе онымен ортақ прототиптен шыққан. Жазба ескерткіштер сондай-ақ Ауғанстанда (Айханум және Дашти-Нур), Орта Азияда (Каратепе, Токкуз-тепа т.б.) да ашылған. Бұл жазудың жекелеген таңбалары Шығыс Түркістандағы Кучи ауданындағы Қызылдағы «архаикалық кхароштни» билингвінің (тохар және пракрит гандхари) ақшарларына ұқсайды. Ол жазу Оңтүстік Сібірден де табылған. Соңғы жылдары мұндай жазуы бар жазбаларды Арыс өзенінің алқабындағы Күлтөбе көне қаласының орнынан археолог А.Н. Подушкин тапты. Ол мұрағаттық немесе шаруашылық құжаттар деген болжам жасауға болады, өйткені жазу қалыпты қыш тақтайшаларға, сүйек таяқшамен жазылған. Б.з. 6 ғасырына қарай соғды курсив жазуының негізінде түркі руникасы жасалған болатын. Жетісу, Ауғанстан және Орта Азияның оңтүстігінде табылған сақ жазуымен жазылған, б.з.д. 3 ғасырдан б.з. 9 ғасырына дейінгі уақыт аралығына жатады делінетін жазбалар хотан-сақ және тумшук-сақ тілдеріне ұқсайтын сақ (шығыс-иран) тілдеріндегі хабарламалардан тұрады. Бұл кушандардың патшалардың патшасы Вима Кадфиздің Құндыз ауданына жорық жасауы және сол жерде ғибадатхана салуы; күнтізбелік ақпарат (олар грек, афины, «хотан-сақ» және парсы, ахеменид күнтізбелерінің ақпараттарын қолданған, Қытай халықтарына тән алпыстық есептеу циклін білген); сот істеріне байланысты құқықтық құжаттар, жерлеу рәсіміне байланысты ғұрыптық жазбалар (Есік обасы) және қызықты зороастр параллельдері (Ақишев К.А., 2001).

Бұл дәстүр белгілі бір дәрежеде 90-жылдардың басында Күлтөбе қаласының орнын (ОҚО) қазу кезінде жалғастырылды, ол жерде профессор Александр Подушкин б.з.д. II-I ғғ. – б.з. I ғ. жатқызылған жазбасы бар күйдірілген қыш тақтайшалардың екі бөлігін тапқан болатын. Оларды оқу бертінде ғана мүмкін болды, сөйтіп күлтөбе жазуы адамзаттың ежелгі жазбаларының Әлемдік қорына енгізілді. Күлтөбе қала жұрты скифтер немесе сақтар (көне қытай жазбаларында олар юэчжи Чжаову үйі деп аталады) негізін қалаған қаңлылар мемлекетінің өмір сүрген уақытына жатады. Оның аумағы қазіргі Қазақстанның оңтүстігін және бүкіл Согдиананы – Сырдария мен Әмудария

өзендерінің аралығын алып жатыр. Ә. Ақышевтың пікірінше, Күлтөбе материалы қазіргі Қазақстанның оңтүстігінде өзіндік жазба мәдениеті бар ежелгі өркениеттің қуатты ошағы болғандығы жөнінде болжам жасауға мүмкіндік береді (Акишев А., 2008; Шулембаева Р., 2011).

Зерттеушілер бірқатар белгілері бойынша, Жетісудың таулы алқаптары ерте мемлекеттік құрылымдар деңгейіне жеткен «таулы белдеу» сақ тайпалары тобы саяси бірлестігінің орталығы болған деп шамалайды.

Жетісу обаларының материалдарына қарасақ, ерте көшпелілер кезеңіне тән монументальды құрылыстар – өзінің архитектурасы, құрылыс принциптері, қоршаған ортамен байланысы бар обалар салу үрдісі байқалады. Олар жердегі биліктің құдіретті мәртебесін білдіретін айрықша қасиетті кеңістік қалыптастыру үшін салынатын (Крадин Н., 2005, с. 35). Көлемі ірі обаларда жерленген тұлға – қасиетті мемлекет билеушісі шоғырландырушы, ұйымдастырушы қызметтерді атқарған, бүкіл әлеуметті біріктіретін нышан болған. Соғыс және әскери істерге байланысты бұйымдар, жыртқыш аңдар – өзге билік белгілерінің ішінде ерекше орын алады, бұл «патша» обалары, оның ішінде Есік обасының материалдарында ерекше көрініс тапқан (Крадин Н., 2005, с. 35).

Көсем-патша айналасындағы туыстары және шонжарлармен бірге барлық ең маңызды әкімшілік, экономикалық, әскери, абыздық қызметтердің орындалуын өз қолында шоғырландырған. Биліктің бір қолға ұстауында көрініс тапқан аймақты басқару құрылымы қалыптасқан.

Мемлекеттің қалыптасу кезеңінде ортақ діннің бекітілуі мен елдің басын біріктіретін діни ғұрыптардың орындалуы, біртұтас идеологияның жасалуы ең алдыңғы рөлді атқарған. Осының барлығы билеушінің, бас қолбасшының жеке тұлғасына келіп шоғырланған. Ерте көшпелілердегі ертетаптық мемлекеттік құрылымның қалыптасуына әсер еткен елбасы ошағының культы, патша қабірінің қасиеттілігі жөніндегі түсінік және өзге де факторлар (жайылымдардың пайдаланылуын реттеу, соғыс рөлінің артуы, жерлерді біріктіру және шекарасын белгілеу және т.б.) кездейсоқтық емес. Мұндай қажеттілік малшылар мен отырықшы егіншілердің өзара симбиозынан табиғи түрде туындады, өйткені сол кездегі жағдай олардың арасындағы қарым-қатынастарды реттеуді, көшіп-қону процесін үйлестіруді, қорғанысты, әскери жорықтарды ұйымдастыруды және т.б. талап еткен еді.

Көшпелі қауымдастықтардың, Еуразия даласының көшпелілеріне тән сипатты белгісі – ерте көшпелілер кезеңінде негізі қаланып, көшпелі империялар дәуірінде жарқын көрініс тапқан сөзсіз әскери басымдық бірқатар факторлармен түсіндіріледі. Олардың ішінде зерттеушілер көшпелілердің «қарулы халық» болғандығын, олардың кез келгені қаруды жақсы меңгергендігін, әскери дағдыларды табиғи жолмен алатын көшпелі өмір салты, әскер үшін жылқы санының жеткілікті болуы мағынасындағы әлеуметтік бөлінісінің салыстырмалы түрде нашар дамығандығын атайды (Хазанов А.М., 2005, с. 11-13).

Еуразия далаларын мекендеген көшпелілер мәдениетін зерттеуде дала өркениеті мәселелерін шешу мен мәліметтер легін қайта түсінуден көрініс тапқан жаңа бетбұрыс орын алды. Мәселенің қойылуына Есік обасының материалдары негіз болды. Далалық Еуразиядағы өркениеттің дамуын зерттеуде ұзақ жылдар бойы жинақталған материалды қоршаған ортаның мәдениет қалыптастырушы фактор ретіндегі әсерін, этнотарихи аспектілерді ескере отырып сараптау – қазіргі таңдағы археологтардың міндеті (Мартынов А., 2008,







■ Әртүрлі органикалық заттар осындай көптеген алтын қаңылтыр орамалармен сәнделді. Уақыт керуені тек сары металды ғана сақтап қалды...

■ Многочисленными трубочками, свернутыми из листа золота, декорировались различные предметы с органической основой. Но время пощадило лишь желтый металл...

■ Numerous tubes, rolled from a sheet of gold, are decorated with various items from the organic substrate. But time has spared only the yellow metal...

с. 11-12). Ғалымдар дала өркениеті мәселесін жана әдістемелік ерекшеліктер, «өркениет» түсінігін қайта қарау немесе түзету өңгізу тұрғыларынан қарастырып келеді. Бүгінгі таңда скиф-сақ дүниесі – бұл ерте кездегі мемлекеттер жүйесі, өзіндік шаруашылық, әлеуметтік жүйелерін, идеологиясын, өзінің таңбалық-қатынас жүйесін қалыптастырған дала өркениеті екені мойындалып отыр (Мартынов А., 2008, с. 16).

Ежелгі көшпелілердің ескерткіштерінде, соның ішінде Есік кешенінде

■ *Қанжар – Батырдың қолындағы қаһарлы қару. Қарудың сұрыптық мәні оның жүзіндегі жануарлардың көпбейнелі композициялармен тіпті тереңдетілген. Қанжардың балдағынан ұшына қарай қатарласа орналасқан 11,5 жануарлар бейнесі сомдалған: жылан, қасқыр (?), белгісіз жануар, арқар, қарақұйрық, қасқыр (?), қасқыр, киік (?), белгісіз жануар – жыртқыш, мысықтұқымдас, қабан, белгісіз жануар денесінің S бөлігі*

■ *Кинжал – грозное оружие в руках Героя. Ритуальная сущность оружия многократно усилена многофигурной композицией из изображений животных на лезвии. Всего насчитывается 11,5 животных в веренице (по направлению от острия), обращенных головами к навершию: змея, волк (?), неизвестное животное, горный баран, антилопа, волк (?), волк, сайга (?), неизвестное животное – хищное, кошачий, кабан, S туловища неизвестного животного*

■ *Dagger a formidable weapon is in the hands of the Hero. The ritual nature of weapons many times reinforced by multi-figure composition of animals' image on the blade. There are 11.5 animals in the train of (in the direction from the tip), turned with their heads to the back plate: a snake, a wolf, An unknown animal, mountain sheep, antelope, wolf, antelope, unknown animal - carnivorous, cat, wild boar, an unknown animal body*



де дәстүрлі қазақ мәдениетінде кездестіруге болатын құрамдас бөліктер көрініс тапқан. К.А. Ақышев алдыңғы өткен тайпалар мен халықтардың қазақ халқының мәдениеті қалыптасуына қосқан үлесі туралы айта отырып, киімдегі, қару-жарақ пен ыдыс-аяқтағы (соның ішінде – құрамалы белбеулер, бас киім), сонымен қатар зергерлік және әшекей бұйымдарды өрнектеу өнеріндегі жұрнақтарды анықтап берді (Ақишев К., 1995, с. 27-28).





- *Сырт киімнің құрамдас бөліктері. Шығыңқы келген, ұзынша төртбұрышты тікпелі әшекейлер*
- *Прямоугольные выпуклые нашивные бляшки. Элементы костюма*
- *Rectangle convex sewn on plaques. Elements of the costume*



ПОСВЯЩЕНИЕ

*Исследователям кургана
Иссык посвящается*

В этом издании мы попытались проанализировать материалы кургана Иссык, с момента открытия которого прошло немногим более 40 лет. За это время археология эпохи раннего железного века Казахстана и горно-долинной зоны Евразии, в целом, пополнилась новыми, во многом уникальными материалами, проливающими свет на малоизвестные грани далекого прошлого.

Получены принципиально новые данные о различных этапах развития кочевой цивилизации I тыс. до н.э., которые нашли отражение в результатах исследований на могильнике Измайловка, изучавшегося

в рамках Шульбинской экспедиции, раскопок комплексов памятников в Маймерской степи и в горах Тарбагатай, кургана Байкара в Северном Казахстане, погребений раннего железного века из разновременных памятников Бестамак и Кеньыш в степях Торгай, в находках из сарматских памятников Западного Казахстана – Аралтобе, Байте, Лебедевки, Тунгуша, Кырык Обы, Сынтаса, Бесобы, Сапибулака, свидетельствах пребывания саков в песках Приаралья – некрополи Тагискен и Уйгарак, знаменитых на весь мир материалах скифо-сакской эпохи Жетысу – Иссык, Жалаулы, Берккара, Биже, Тенлик, Каргалы, Улжан и многих других.

Особенный импульс изучению памятников скифо-сакской эпохи был получен благодаря реализации задач государственного стратегического проекта «Культурное наследие», инициированного Президентом Республики Казахстан Нурсултаном Назарбаевым. В рамках этой программы исследовались памятники Шиликты и Берел в Восточном Казахстане, храм-святилище Кызылуйик – на Устюрте, античный город Ширик рабат – в Приаралье.

В различных регионах Казахстана, благодаря поддержке соответствующих органов власти (акиматов; департаментов культуры), пополняется сокровищница отечественной науки. Особую помощь оказывает в этом отношении управление культуры Карагандинской области. Настоящим событием стало открытие в степных просторах Сарыарки курганов комплекса памятников Талды в 2010 году.

В полевых и лабораторно-аналитических исследованиях материалов из кургана Иссык также принимали участие археологи Александр Загородний, Алишер Акишев, реставратор Владимир Садомсков, фотограф Олег Медведев, художник Тамара Воробьева, лаборант Айтбек Амандыков.

При подготовке книги использованы материалы из фондов Государственного музея золота и драгоценных металлов Республики Казахстан, Государственного историко-культурного заповедника-музея «Иссык», рукописного архива Института археологии им. А.Х. Маргулана, из личных архивов Бекена Нурмуханбетовича Нурмуханбетова, Марал Калымжановны Хабдулиной, Елены Владимировны Садомсковой, Карла Молдахметовича Байпакова, Татьяны

Основные достижения отечественной археологии периода господства саков, сарматов, скифов, проиллюстрированы в книге И. Н. Тасмагамбетова «Кентавры Великой степи. Художественная культура древних кочевников», изложены в диссертации М. В. Бедельбаевой «Изучение скифо-сакской эпохи Казахстана в трудах отечественных и российских исследователей (вторая половина XX – начало XXI вв.), а также представлены в сборнике Института археологии им. А. Х. Маргулана, посвященному 20-летию Независимости Республики Казахстан «Мыңжылдықтар куәлары: Қазақстан археология ғылымы 20 жылда (1991–2011)» (Тасмагамбетов И.Н., 2003; Бедельбаева М.В.; 2010, Мыңжылдықтар куәлары..., 2011)

Михайловны Тепловодской – всем им, а также генеральному директору Института археологии им. А.Х. Маргулана Бауыржану Абишевичу Байтанаеву, сотрудникам Института археологии – Раисе Степановне Щербаковой, Антонине Сергеевне Ермолаевой, Ольге Викторовне Кузнецовой, сотрудникам Государственного историко-культурного заповедника-музея «Иссык» – Гульмире Раиловне Мухтаровой, Галие Шаукетовне Файзуллиной, выражаем искреннюю признательность и благодарность за поддержку, ценные советы и консультации, а также помощь, оказанную во время работы над этим изданием.

Наш скромный труд – это дань памяти самоотверженному труду исследователей кургана Иссык. Полевые раскопки — лишь часть исследовательского процесса. Не менее важным в работе археолога является изучение вещественных источников, необходимо суметь разобраться с полученным материалом, понять памятник. Эту задачу Кималь Акишевич, Бекен Нурмуханбетович и Алишер Кималевич выполнили на высочайшем уровне и сегодня, спустя 40 лет после открытия кургана Иссык, трудно что-либо добавить.

Мы лишь попытались несколько иначе, с позиций науки нашего времени, взглянуть на бесценные материалы всемирно известного памятника. Кроме того, вышедшая еще в советское время книга «Курган Иссык», как и публикации «Ертедегі ескерткіштер елесі», «Путь к «Золотому воину»», в настоящее время стали библиографической редкостью, поэтому предлагаемое издание в какой-то мере может послужить заполнению этого пробела. Конечно, технические возможности стремительного 21 века позволяют каждому желающему иметь необходимую копию. Но книга, которую можно взять в руки и узнать немного больше об истории открытия кургана Иссык, увидеть портреты археологов, исследовавших этот уникальный памятник, и, наконец, полюбоваться изображениями предметов из мировой сокровищницы, какой поистине является коллекция кургана Иссык, выполненных на высочайшем профессиональном уровне фотохудожником Олегом Беляловым, – это совсем другие ощущения и чувства. Надеемся, переиздание материалов сможет заставить сердца биться чаще от восхищения увиденным, приобщения к крупным историческим и гордости за свою Родину.

*С огромным уважением,
авторы*

- *Шырыла жатқан қасқыр бейнесінде жасалған киім әшекейі*
- *Распределитель ремней, декорированный изображением волка, свернувшегося в кольцо*
- *Distributor of belt that decorated with a coiled up wolf image*





■ Шығыршықтана жатқан қасқыр бейнесінде жасалған киім әшекейі

■ Распределитель ремней, декорированный изображением волка, свернувшегося в кольцо

■ A distributor of belts, decorated with a coiled up wolf images





- Сырт киімнің құрамдас бөліктері. Тікпелі өшекейлер
- Нашивные бляшки. Элементы костюма
- 2-nd sentence, the sewn on plaques. Elements of a costume




- Шығыршықтана жатқан қасқыр бейнесінде жасалған киім әшекейі
- Распределитель ремней, декорированный изображением волка, свернувшегося в кольцо
- Distributor of belt that decorated with a coiled up wolf image

- *Сырт киімнің тікпелі әшекейлері*
- *Нашивные бляшки. Элементы костюма*
- *A sewn on plaque. Elements of the costume*



- *Сырт киімнің құрамдас бөліктері. Тікпелі әшекейлер*
- *Нашивные бляшки. Элементы костюма*
- *A plaques sewn on. Elements of the costume*





- Сырт киймнің мысық тұқымдас жыртқыш бейнеленген тікпелі әшекейлері
- Элементы костюма в виде нашивных бляшек с изображением головы кошачьего хищника
- Elements of costume in the form of a sewn-on plaque depicting feline heads



- Сырт киймнің тікпелі әшекейлері
- Нашивные бляшки. Элементы костюма
- A sewn on plaque. Elements of the costume

ПРЕДИСЛОВИЕ

В начале лета в истории нашей страны произошло грандиозное событие – под сенью голубого необозримого Неба на месте проведения археологических раскопок иссыкских курганов открыт музей. Долог был путь к созданию этого музея...

Его истоки берут начало во второй половине прошлого века, а конкретнее – с событий 1969–1970 гг., когда свершилось открытие непо потревоженного захоронения вождя 5–4 вв. до н.э. «Почему же здесь упоминается 1969 год?» –

Официальное название музея – РГКП «Государственный историко-культурный заповедник – музей «Иссык», директор Гульмира Раиловна Мухтарова.

спросите Вы, дорогие читатели. Дело в том, что исследования кургана, материалы которого впоследствии стали достоянием не только отечественной, но и мировой науки, были начаты именно в этом году. В ту пору каждая строительная организация, при проведении земляных работ, соблюдая Закон КазССР «Об охране и использовании памятников истории и культуры», должна была предварительно согласовать свои действия с археологами. Именно так, проявив уважение к Закону КазССР, поступили руководители автобазы – директор Канишев и главный инженер А. И. Дубкарт, которые обратились к заведующему отделом археологии Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова АН КазССР Кималю Акишеву, который назначив «начальником кургана» автора этих строк, командировал меня с лаборантом Айтбеком Амандыковым на место проведения работ.

Дорогой читатель, Вы не озадачивались вопросом: почему нужно было строить новую автобазу? Ответ таков: «В июле 1963 года страшный сель смыл озеро Иссык вместе с десятками отдыхающих. Стихия уничтожила не только прекрасное высокогорное озеро, но и многие жилые и административные дома в одноименном поселке, расположенном в предгорьях. Среди них была и районная автобаза. Через пять лет Иссыку был придан статус города, а еще через год было решено построить новую большую автобазу на въезде в райцентр» – этот фрагмент процитирован из статьи журналиста Максима Боранбаева, интервьюировавшего меня в конце прошлого века (Боранбаев М., интернет-ресурс).

Для строительства новой автобазы был отведен участок на северо-западной окраине г. Иссык, где распо-

лагался могильник эпохи раннего железного века. Замечу, что раскопки рядовых курганов на этом археологическом памятнике проводились и ранее – в 1968 г., но исследовать большие объекты не было возможности, поскольку это процесс трудоемкий, требующий серьезных финансовых вложений. Поэтому, благодаря строительству автобазы, представился случай изучить элитарное погребальное сооружение, оставленное в Жетысу сакскими племенами.

Весной 1969 г. начались раскопки кургана «Иссык». Автобазой был выделен бульдозер С-100, который с трудом поднялся на вершину кургана. По мере углубления попадались зольные пятна, обломки керамических сосудов, кости животных. Мы останавливали бульдозер, делали зачистку, наносили на план каждый замеченный предмет. Бульдозерист не обижался на такой не очень удобный режим работы, делал свое дело четко, с интересом.

Однажды на раскопе появился прораб стройки. Он обвинял нас в срыве сроков строительства, объясняя это медленными темпами процесса, угрожал понизить жалование бульдозеристу за невыполнение нормы выработки. По его мнению, мы должны были быстро, при помощи бульдозера, снести курган, поскольку археологов интересует только то, что находится под насыпью. Пришлось терпеливо втолковывать прорабу, что делаем мы свою работу медленно не из-за лени, а руководствуемся методикой археологических раскопок, что курган – это не просто насыпь, а своеобразное архитектурное сооружение. Что он как строитель может себе представить, – в первозданном

виде курган имел форму правильного конуса, возведение сооружения в виде такой геометрической фигуры дело не простое. Могила же, совсем небольшая по сравнению с площадью основания кургана, всегда оказывается в центре конуса. Как это удавалось древним строителям? Оставляя половину насыпи, мы как раз и хотели изучить внутреннее ее строение, чтобы знать, как она сооружалась, поскольку разрез дает возможность судить о технических возможностях древних зодчих, а также получить сведения о том, почему курган не «расплылся» (Нурмуханбетов Б., Загородний А., 1984, с. 59). Прочитав прорабу такую лекцию, инцидент был исчерпан.

Мы продолжили работу до тех пор, пока не сломался первый бульдозер, потом второй, третий... Ко второй половине мая мы с трудом довели объект до намеченной цели – было выполнено более половины всего объема работ по освобождению площади кургана от насыпи.

Наступила пора выезда на плановые полевые работы и поскольку ожидание бульдозера затягивалось, мы решили законсервировать раскоп. Директор автобазы подписал «Охранное обязательство», пообещав, что до следующего года курган будет находиться в таком состоянии.

Работы на объекте возобновились в марте 1970 г. В самом начале месяца на раскоп выехали шофер автобазы АН КазССР А.С. Паршин, лаборант отдела археологии Айтбек Амандыков и научный сотрудник Бекен Нурмуханбетов. После встречи с директором автобазы стало понятно, что подрядчик серьезно намерен взяться за курган. На объекте нас уже ждало два мощных бульдозера. Знакомимся с бульдозеристами, один назвался Гугой Владимировичем Шмидтом, другой – Савелием Денисовичем Лаптевым. Мы объяснили им, что нам от них нужно: внимательность, аккуратность и даже – ювелирность в работе.


Дело заспорилось, однако, по мере углубления насыпь становилась все тверже и тверже – ножи бульдозера скользили как по льду. Бульдозеристы, а они были знатоками своего дела, предложили приварить к ножу одного бульдозера стальные зубья, благодаря чему, к началу апреля до материка оставалось около метра. В это время на курган снова пожаловал прораб, выразивший недовольство нашей работой, так как именно этот уровень и был нужен для строительства. Пришлось объяснять, почему мы так копаем.

С каждым заездом бульдозера мы понимали, что приближаемся к заветной цели. Были предельно внимательны, вглядывались в свежий грунт, чтобы вовремя увидеть признаки могильной ямы. В один момент бульдозер заглох и, заглянув под передние звенья башмаков гусеницы, мы увидели зияющую пустоту, уходящую вглубь и к центру кургана. Было ясно, что мы дошли до материка и дальше нужно работать вручную.

Скорее всего, мы обнаружили подземный ход, аналогичный тем, какие были выявлены в курганах могильника Бесшатыр, исследовавшихся в 1959 г. Этот факт нас сильно обеспокоил, поскольку подземными ходами часто пользовались грабители и, тем более, что до начала раскопок на кургане фиксировалась зловещая грабительская воронка. Как и предполагалось, центральная могила была сильно деформирована лазами и почти полностью ограблена. Здесь были найдены разрозненные кости человека и несколько маленьких золотых бляшек. Надежды на успех не оставалось...

Наступило 3 апреля 1970 г. Меня все время на протяжении раскопок волновала юго-восточная часть кургана. Теперь, чтобы избавиться от навязчивого ощущения того, что потрачено колоссальное количество времени и сил, прошу Савелия, пока прораб умчался за тралом, чтобы увезти бульдозер, пройти

- *Секіргелі тұрған тау теке әшекейі*
- *Декор головного убора. Деталь*
- *Headdress decor: Detail*





- Сырт киімнің құрамдас бөлігі. Мысық тұқымдас жыртқыштың басы бейнеленген тікпе әшекей
- Элемент костюма – нашивная бляшка в виде изображения головы кошачьего хищника
- An element of costume sewn on plaque in the shape of catlike predator head image



еще раз по основанию кургана. О, чудо! В 15 м к юго-востоку от центра основания насыпи, под ножом бульдозера была замечена характерная коричневая полоска длиной не более 30 см. Приглядевшись внимательно, убедились – сгнившее дерево. Аккуратно начинаем зачистку. Опасаемся, как бы эта полоска не обернулась случайно упавшей щепкой... Постепенно, лезвием ножа, расчищаем одно бревно, второе, третье... Счастью не было предела! Если это окажется погребальным сооружением, то мы будем первыми, кто за более чем 2000 лет впервые проникнет сюда!

Нужно было мчаться в Алма-Ату, чтобы сообщить о находке. Пока я съездил в город, у кургана, в вагончике, оставался Айтбек.

На следующий день во главе с Кималем Акишевым на раскоп прибыли реставратор Владимир Садомсков, лаборант Александр Загородний, художник Тамара Воробьева, фотограф Олег Медведев и студент КазГУ Алишер Акишев. К вечеру 6 апреля гробница, сооруженная из бревен Тяньшанской ели, была полностью расчищена. Ночью случилась неприятность – пошел проливной дождь, ливший все следующие сутки. Лишь 9 апреля начали разбирать бревна перекрытия. Постепенно приступили к расчистке заполнения. Работали осторожно, внимательно перебирая каждый комок земли. Показались первые находки: у западной стенки погребальной камеры – множество глиняной посуды. С предельной осторожностью продолжаем расчистку, вот к востоку от сосудов появляется череп погребенного, а рядом с ним первые золотые украшения... Стало ясно, что погребение очень богатое. В погребальной камере кургана Иссык было найдено свыше 4000 золотых предметов, 31 сосуд из глины, дерева и серебра, серебряная ложка, деревянный черпак, почти идентичный казахским аналогам, предназначенным для разливания кумыса, 26 бусин из сердолика и пасты.

В ходе раскопок выяснилось, что дно камеры было вымощено толстыми плахами.

